

Әділетті Қазақстан

Елімізді өркендету үшін еңбек ету – баршамыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парызымызға әрдайым адал болайық.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТАЛБЕСІК



«ГАНДИ» САЯБАҒЫ АБАТТАНАДЫ

2

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?



ҰЛТТЫҚ КИІМ – БАБАЛАР АМАНАТЫ

6

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰСТАР КҮНІ



ҚОС ҚАНАТТЫ ДОСТАР

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

1.04.2023

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

2.04.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №42 (6335) 1 сәуір, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

ӘКІМ

ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАПТЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қала әкімінің халықпен кезекті кездесуі Түрксіб ауданында өтті. Шаһар басшысы ауданның дамуына қатысты баяндама жасады және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 200-ден астам адам қатысты.

4-5

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ҚАЛА КӨРКІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Көктемде Алматыда 10 мың ағаш отырғызылады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда жыл сайынғы жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды отырғызу маусымы басталды. Биыл көктемде мегаполисте 10 мыңнан астам ағаш отырғызу жоспарлануда. Көгалдандыру жұмыстары «Жасыл аула» науқаны аясында тұрғындармен бірлесе отырып жүргізілмек.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысының атына Наурыз мерекесіне орай құттықтаулар келіп түсіп жатыр.
- «Қазақстанның берген жәрдемі зілзаланың ауыр салдарымен күрес кезінде халқымызға зор қолдау болды», – деді Режеп Тайип Ердоған.
- Оқу-ағарту министрлігінің құзыреті кеңейеді.
- «Алматы жастары» бағдарламасы аясында берілетін несие саны артады.
- «Алматы» олимпиадаға дайындық орталығының басшысы тағайындалды.
- Алматыда «Lift Expo Kazakhstan-2023» халықаралық көрмесі өтіп жатыр.
- Бүгін Алматыда Кітап жәрмеңкесі өтеді.
- Биыл қазақстандықтардың жалақысы 12%-ға өсті.
- 1 қыркүйектен бастап колледждерде мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттердің стипендиясы 50%-ға көтеріледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ТАРИХИ ШЕШІМ

ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА
МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Енді ол Президенттің тікелей назарында болып, бұдан былай Перзидент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы деп аталады.



Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев әлемнің барлық жетекші елдеріндегі сияқты мекеме қызметкерлерінің мәртебесі де артатынын айтқан еді. Ғылымдар қауымы тарихи шешімді қуана қабылдады.

«Жақын арада Ұлттық Кеңестің ғылым және технология бағытындағы отырысы өтеді. Соның нәтижесінде алға тартар сұрақтар мен ғылым приоритеттері талқыланып, соған сәйкес өндіріске бірқатар өзгеріс енгізіледі деп ойлаймыз», – дейді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмед-Заки.

Ал М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры, тарих ғылымының докторы Дария Қожамжарованың айтуынша, бұл шара үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.

– «Біздің осы Ұлттық статусқа келуіміздің өзі үлкен перспективаларды ашады. Оған отандық ғылымның дамуы, ғылыми коллаборацияның жүзеге асуы жатады», – дейді ол.

АБАТТАНДЫРУ

Алмалы ауданы әкімдігі Махатма Ганди атындағы саябақ аумағын биыл қайта жаңғыртып, жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр. Бұл туралы аудан басшысы Ержан Сейтенов өзінің Instagram парақшасында жазды.

«ГАНДИ»
САЯБАҒЫ АБАТТАНАДЫҚұралай
ЖҰМАДІЛОВА

– Саябақты балалары бар ата-аналардың, зейнеткерлер мен жастардың өтініштеріне бірдей жауап беру үшін, отбасылық демалыс пен бос уақытты тиімді пайдалану үшін одан да ыңғайлы еткім келеді, – делінген аудан басшысының жеке парақшасында.

Аудан басшысы саябаққа жөндеу жұмыстарын бастамас бұрын тұрғындар пікірінің маңызды екенін айтты. Саябақты қай бағытта дамыту қажеттігін білу мақсатында атқарылуы тиіс жұмыстардың тізімін ұсына отырып, халықты қоғамдық талқылауға шақырды.

Халықпен тығыз байланыс орнатып, көптің пікірін сұраған аудан әкіміне алмалылықтар дән риза. Саябаққа жиі келетін тұрғындар да жөндеу жұмыстарының қолға алынатынына қуанып жатыр.

Талқылау барысында белсенді тұрғындар өз қалауларын жарыса жазып, саябақтағы сынған, ескірген заттардың барлығын жаңалауды ұсынды. Саябақта түнгі уақытта қыдыру барынша қауіпсіз болуы үшін қосымша жарық шамдар орнатуды, балалар ойнайтын алаңқай және жаттығуға арналған алаңдардың көбейе түскенін қалайтындарын жеткізді. Олар саябақты қайта жөндеу кезінде ағаштардың көбірек отырғызылуына, сонымен қатар жасыл желектің санитарлық жағдайына да мән берілсе деген пікірлерін білдірді. Алмалылық тұрғындар саябақта ұйымдастырылатын митингілерге қарсы екендіктерін де жасырмады.

Демек, халықтың сүйікті демалыс орындарының біріне айналған саябақ аудан халқының қалауымен тағы да тотыдайын түрленіп, жаңара түспек. Мұндай өзгеріс қала халқын қуантатыны анық.

ТАРИФ

ТАУАРЛЫҚ ГАЗҒА
БАҒА ТӨМЕНДЕДІ

Алматыда прокуратура тексерісінен кейін тауарлық газ тарифі төмендетілді. Бұл туралы бас прокуратураның баспасөз қызметі хабарлады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Тексеру нәтижелері бойынша «APL Construction» ЖШС-де бекітілген тарифтік сметаның бұзылуы, сондай-ақ орамшылқ газбен жабдықтау желілеріне қосылу кезінде үстем жағдайды теріс пайдалану әрекеті анықталды.

Қала прокуратурасының қадағалау актісі бойынша тариф 1 мың м³ үшін 6362,77 теңгеден 5999,08 теңгеге дейін төмендетілді (5,7%-ға),

184 млн теңге сомасына өтемдік тариф енгізілді. Сондай-ақ, монополист ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 159-бабы 3-1 және 164-бөлігі 4-бөлігі бойынша жауапқа тартылды және 78 млн теңге айыппұл өндірілді.

«Қабылданған шаралардың арқасында Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарының 11 мың тұтынушысының құқығы қорғалды, олардың 300-ден астамы кәсіпкерлер», делінген хабарламада.

БРИФИНГ

АУТИСТ БАЛА

тәрбиелеп отырған ата-анаға да қолдау көрсете білейік

Дүниежүзілік аутизм туралы ақпараттандыру күні қарсаңында Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Асыл мирас» аутизм орталығының басшысы Альмира Қалимова аутизм спектрі бұзылған адамдар үшін инклюзивті орта құру тұрғысындағы ұсыныстарымен бөлісті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Алдымыздағы жексенбі, яғни 2 сәуір – аутизм мәселесімен қандай да бір байланысы бар адамдар үшін маңызды және айтулы күн. Бұл күні әлемде аутизм туралы ақпараттандыру күні аталып өтеді. Соған орай, біз осы бір өзекті тақырып төңірегінде айтқымыз келеді», – деді А.Қалимова. Ол баланың аутизмге шалдыққанын қалай білуге болатынын, яғни ата-аналардың не нәрсеге назар аудару керектігін атап өтті. Мәселен, бала сіздің көзіңізге назар салмауы мүмкін; атын атаса да, қарамайды; стереотиптік мінез-құлық көрсетеді (көбелек сияқты қолдарын бұлғайды, қабырғадан қабырғаға жүгіреді, дөңгелектерді айналдырады, заттарды бір қатарға тізеді және т.б.); балада құ-

лап қаламын-ау немесе қолымды кесіп кетеді-ау деген қорқыныш сезімі, қауіпсіздік түсінігі болмайды; тосын, жат қылықтар көрсетеді (тістейді, өзін қабырғаға соғады немесе басын еденге ұрады, жерге құлайды, аяғымен тарсылдатады, өзінен-өзі агрессияға беріледі).

Ал «Асыл мирас» орталығының клиникалық супервайзері Меруерт Ақыншаева өз кезегінде ата-аналар баласының бойындағы осындай өзгешеліктерді бірден байқап, мамандарға да ертерек жүгінер болса, баланы ортаға, қоғамға бейімдеу мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болатынын атап өтті. Ондай балалардың диагнозын дер шағында, ертерек анықтау үшін орталық «аутизмді диагностикалаудың алтын стандартын», яғни ADOS-2 аппаратын пайдаланады. Бұл құрылғы бес модульден тұрады, олар баланың жасына және

сөйлеу қабілетінің даму деңгейіне сәйкес тексеру үшін тандалады. Бұл – әлем бойынша өзінің тиімділігін дәлелдеген заманауи құрылғы.

Орталықтың көп жылдық тәжірибесі бар сарапшылары аутизмге шалдыққан адамдармен қарым-қатынас жасау жолдарымен де бөлісті. Мәселен, қоғамдық көлікте келе жатып, қимыл-қозғалысы өзгеше, ерсілеу, мазасыз баланы көрсеніз, сабыр сақтау керек. Оған біртүрлі қарамай, баланың ата-анасына да көңіл бөліп, көмек қажет пе екенін сұраған абзал дейді мамандар. Сондай-ақ, баланың айналасына назар аударып, үшкір, қатты заттар болса алып тастауға ұмтылып, баланың жарақаттанып қалмауына мән берген дұрыс. Сонымен қатар, баланың ата-анасына жан-жағынан қысылып, қымтырылып қалмас үшін қолайлы жағдай жасау да біздің азаматтығымызды көрсетеді.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

«София» тұрғын үй кешенінде заңбұзушылықтарды жою мақсатында жұмыстар басталды. Бұл туралы Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасы хабарлады.

ТАЛАПҚА САЙ ҚАЙТА
ТҮЗЕТІЛЕДІДосбол
АТАЖАН

Бұған дейін инспекторлар жүргізген жоспардан тыс тексеру қорытындысы бойынша тұрғын үй кешенін салу кезінде көптеген заң бұзушылықтар анықталған болатын. Осы аптада бөлім инспекторларының қатысуымен құрылыс салушы «Артемиды ЛТД» ЖШС шығарылған ұйғарым бойынша заң бұзушылықтарды жоюға кірісті.

Осылайша геометрияны өрескел бұза отырып салынған және арматураның жоқтығынан адамдарға қауіп төндіруі мүмкін баспалдақтарды бұзу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, 14-блокта шығарылған

бұйрыққа сәйкес жүк көтергіш құрылымдарды нығайту жұмыстары басталды.

«Біздің ұсынысымыз бойынша құрылыс салушы жөнінде ұсыныстар беруге ҚазҚСҒЗИ өкілдері шақырылды. Бүгінгі таңда нысан бойынша тапсырыс талаптарын орындау мәселесі ерекше бақылауда», – деп хабарлады Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, мердігер «Артемиды ЛТД» ЖШС-не қатысты ҚР ӨҚБТК-нің 312-бап 2-бөлігі бойынша шаралар қабылданып, материал Мамандандырылған ауданаралық сотқа берілгенін атап өткен жөн.





ПОЛИЦИЯ



Наурызбай ауданының «Қарағайлы» шағынауданында жердің құнарлы топырағын заңсыз өндірушілерге қатысты тиісті шаралар қолданылды.

ЗАҢ БҰЗҒАНДАР ҰСТАЛДЫ



Досбол
АТАЖАН

29.03.2023 жылы сағат 12.50 шамасында полиция пультіне жергілікті тұрғыннан «Қарағайлы» шағынауданында қара топырақты заңсыз өндіру туралы шағым келіп түсті. Жер телімі селден қорғайтын платинаның оңтүстік-батысында әрі жеке меншікте орналасқан. Ауданның табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері экология бөлімімен бірлесіп қылмыскерлердің алдын алды. Бұл мәселе Алматы қаласының мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының, аудан

дан прокуратурасының және әкімдіктің бақылауында. Аудан әкімдігі осындай фактілердің алдын алу, оның ішінде темірбетон конструкцияларын, бейнебақылау жүйелерін орнату және т.б. арқылы кірме жолдарды жабу бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдап жатыр.

Көрсетілген әрекеттер үшін «топырақтың құнарлы қабатын сату немесе оны басқа тұлғаларға беру мақсатында жою немесе заңсыз алу» Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 337-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Қазір сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

КӨЛІК САЛЫҒЫ

105 МЫҢ ТҰРҒЫН САЛЫҚ ТӨЛЕМЕГЕН

Салық төлемі мерзімінің аяқталғанына қарамастан, қаланың 105 мың тұрғыны жалпы сомасы 1,5 миллиард теңгеден аса көлік салығын төлемеген. Бүгін меншік құқығында көлік құралдары бар жеке тұлғалардан 2022 жылға арналған көлік құралдарына салық төлеу мерзімі аяқталады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы бойынша 441 221 жеке тұлғаның меншік құқығында 709 944 көлік құралы бар. Олар бойынша 2022 жылға 16,6 миллиард теңге салық есептелген.

«2021 жылмен салыстырғанда көлік құралдарының саны 108 124 автокөлікке немесе тиісінше 18 пайызға, салық базасы 2,2 мил-

лиард теңгеге өскен. Салық төлеу мерзімі өткеннен кейін көлік салығын төлемеген адамдарға мынадай шаралар қолданылатынын білу маңызды: мерзімі өткен әрбір күн үшін қайта қаржыландырудың 1,25 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеу, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу мақсатында сот орындаушыларына «салық бұйрықтарын» жібереді, оның негізінде мүлікке және банк шоттарына тыйым салынады, шетелге шығуды



шектеу бар. Сонымен қатар, қарыз сомасының 25 пайызын құрайтын сот шығындары қарастырылған», делінген ескертпе хабарламада.

Салық сомасын e-Salyq Azamat мобильді қосымшасындағы калькулятордың көмегімен немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурсында дербес есептеуге, www.kgd.kz толығырақ 1414/3 нөмірі бойынша білуге болады.

НАУҚАН

БАЛАЛАР ЖОЛ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Алматыда «Жолдағы балалардың қауіпсіздігі» республикалық науқаны өтіп жатыр.



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Алматы қаласы Алатау ауданындағы №152 орта мектепте қызықты сабақтар, сұрақ-жауаптар мен сайыстар ұйымдастырылды. Іс-шараға негізінен бастауыш сынып оқушылары қатысты.

«Бағдаршам» сурет байқауында балалар жол қозғалысы ережелері мен бағдаршамның жұмысы туралы білімдерін ортаға салып, сынып сағаттары мен сұрақ-жауаптар барысында оқушылар өз құрдастарын ойын түрінде Жол ережесін бұзбауға шақырды.

— Біздің басты міндетіміз — көлік қозғалысының қарқындылығы аясында мектеп оқушыларының жол қозғалысына қатысуының барынша қауіпсіз болуын қамтамасыз ету, ірі қаланың жолдарында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ЖҚЕ бұзуды жою, оларға жол қозғалысы ережелерін еске түсіру, оның негізгі талаптарын өскелең



ұрпаққа жеткізу. Осы алдын алу іс-шарасын жүзеге асыруда көздеген түпкі мақсатымызға біз тәжірибемізде жиі қолданылатын түрлі іс-шаралар мен басқа да үгіт-насихат шаралары түрінде қолданылатын профилактикалық іс-шаралардың көмегімен келеміз, — деді Алатау аудандық ПБ ӘПБ мемлекеттік жол инспекторы Қуаныш Табеев.

Айта кеткен жөн, балаларды жол-көлік оқиғасынан сақтап, оның алдын алу, сондай-ақ көшелер мен

жолдардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын бекіту, балалар мен жасөспірімдерді көліктік ортаға бейімдеу мақсатында 27 наурыз бен 10 сәуір аралығында Алматыда «Жолдағы балалардың қауіпсіздігі» кең ауқымды республикалық науқаны өтіп жатыр.

Алматы қаласының тәртіп сақшылары да іс-шара аясында балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталған түрлі науқандарды өткізуді жоспарлап отыр.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ҚАЛА КӨРКІ – ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

Көктемде Алматыда 10 мың ағаш отырғызылады



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Қала тұрғындарына барлығы 2638 ағаш көшеттері беріледі. Егілетін ағаштар қатарында шегіршін, сәнағаш, шаған мен қайыңның көшеттері бар. Көшеттердің алғашқы легін 1, 2 және 8, 9 сәуірде отырғызу жоспарланған. Науқан қатысушылары егілген ағаштарды алдағы үш жыл бойы күтіп-баптауға міндеттелген.

Жалпы, ағаш отырғызу маусымы мамыр айының соңына дейін жалғаспақ. Негізгі ағаш отырғызу науқаны күз кезінде жүзеге асырылады. Биыл күзде 300 мыңнан астам ағаш отырғызу жоспарлануда. Көгалдандыру жұмыстары қаланың барлық аудандарында жүргізіледі. Дейтұрғанмен, ағаштардың басым бөлігі Алатау және Наурызбай аудандарында отырғызылатын болады.

ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚ

Алматыдағы университеттердің бірінде оқытушы болып қызмет атқаратын Брендан Дюпрей ағаш отырғызудың инновациялық әдісін ойлап тауыпты.

КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗУДЫҢ ТЫҢ ӘДІСІ

Ол жасыл желектерді заманауи технологиялардың көмегімен отырғызуды ұсынып отыр. Оның айтуынша, егер ағаштар мен бұталар жіктеліп, жүйелі түрде отырғызылатын болса, кәсіпорындар мен көліктерден бөлінетін қалдықтарды көбірек сіңіруге болады. Көшеттерді қай жерге егу керектігі компьютерлік 3D кескіндеу арқылы анықталады. Себебі, компьютер ауаның ластану деңгейі, кәсіпорын немесе жолмен арақашықтық секілді факторларды ескере отырып қандай ағаш егу керектігін де айтады. Нәтижесінде өндірістік шаң көлемі 40%-ға дейін азаяды.

Брендан Дюпрей бұл технологияны өзі жұмыс істейтін университетте қолданып, кампустардың біріне 30 мың ағаш отырғызыпты. Жасыл технологияны қолданудың тың әдісін Біріккен Ұлттар Ұйымы да жоғары бағалап отыр. БҰҰ Даму бағдарламасының әкімшісі Ахим Штайнердің айтуынша, табиғи ресурстарды пайдалану орнықты даму мақсаттарына



қол жеткізудің ең үнемді тәсілдерінің бірі болып табылады.

Жоба авторының пікірінше, ғылыми жаңалық табиғат ресурстарын тиімді пайдалану арқылы адамзаттың әсерінен бұзылған экожүйені қалыпқа келтіреді. — Жасыл технологияны қолданудың адам өміріне пайдасы зор. Сондықтан бұл нағыз инновациялық шешім, — дейді ол.

Құралай ЖҰМАДІЛОВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚҰЖАТТАР ПАКЕТІН ТЕКСЕРІҢІЗ

Алматыда тұрғын үй сатып алуға ұсынылмайтын ТК тізімі толықты

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасының ақпараты бойынша интернет-ресурстарда DЕМЕU Residence ТК-де, құрылыс салушы – Demeu Development-ге пәтерлерді сату туралы хабарландырулар жарияланды.

Алайда, меншік иесі құрылысқа рұқсат құжаттарын алған жоқ. Сонымен қатар, Горный Гигант

уч.192 өндірістік кооперативінде орналасқан жер учаскесінің мақсатты бағыты жеке қосалқы шаруашылық жүргізу болып табылады. Учаскеде құрылыс жүргізілмейді, алайда хабарландыруға сәйкес тұрғын үй кешенін ағымдағы жылдың IV тоқсанында тапсыру жоспарлануда.

Қала тұрғындарын абай болуға және жылжымайтын мүлікті сатып алмас бұрын Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы жедел желісінің +7 (727) 229-81-36 нөмірі бойынша салынып жатқан ТК құжаттардың толық пакетін тексеруге шақырамыз.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



ӘКІМ

ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

(Басы 1-бетте)

Түркісіб ауданының құрылғанына 85 жыл!

Биыл Түркісіб аудан тұрғындары үшін айтулы жыл. Мегаполистің ең көне ауданының құрылғанына биыл 85 жыл толады. Қала басшысы ең алдымен тұрғындарды осындай мерейлі жылмен құттықтады. Кездесуге келген тұрғындарға жылы лебізін білдіре отырып, әкім халықпен бірлескен жұмыстың арқасында осы ауданда қыруар шаруаның атқарылып жатқанын, жылдар бойы қордаланған проблемалардың шешілгенін айтты.

Әкім атап өткендей, былтыр Түркісіб ауданы қарқынды дамыды. Ауданға тартылған инвестиция көлемі 28%-ке, салық аударымдары 1,5 есе өсті. 5,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Аудан экономикасын дамытудың драйверлері – өнеркәсіп 9,1%-ке және құрылыс 10,2%-ке өсті. Бұл ретте өнеркәсіп және құрылыс секторлары шешуші рөл атқарды.

Инфрақұрылым – аудандағы өзекті мәселе

Ауданда коммуналдық инфрақұрылым, атап айтқанда инженерлік желілерді жаңғырту өзекті мәселе болып қала береді. Өткен жылы 100 шақырымнан астам сумен жабдықтау және су бұру желілері салынып, қалпына келтірілді.

«Жас қанат» шағынауданында 2023 жылы үш кәріз-сорғы станциясын орнату II тоқсанның соңына дейін аяқталады. Қала басшысы Ерболат Асқарбекұлының мәліметінше, 1,5 мыңнан астам үйді қамтитын «Авиатор», «Әлмерек» және «Маяк» шағынаудандарында 64 км желі салу жұмыстары басталды. Сондай-ақ, Баймағамбетов – Шемьякин – Коминтерн – Айтықов көшелерінің квадратында 21 км желі жаңарды, «Жас қанат», «Шуақты», «Нижняя Пятилетка» шағынаудандарында ұзындығы 82 км жаңа желі тартылды.

Түркісіб ауданында 2023 жылдың соңына дейін ұзындығы 41 км болатын 57 учаскеде арық желілері мен нөсер кәріздерін салу және реконструкциялау жұмыстары аяқталады. Аудан тұрғындарымен кездесуде әкім үнемі су басуға бейім жерлерді жою белсенді жүріп жатқанын айтты. Өткен жылы Түркісіб



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ауданында 10 проблемалық учаске анықталған еді, оның 8-і ТЖ желісі бойынша жұмыстар аясында жойылды. Қалған 2 учаске 2023 жылдың сәуір айының соңына дейін таратылады. Жарбұлақ өзенінің арнасын кеңейту және тереңдету бойынша жұмыстар жүргізілді, ұзындығы 6,7 км іргелес аумақтар абаттандырылды, «Аспан» үлкен саябағы, «Маяк» тоғайы абаттандырылды.

Жолдарды жөндеу кезек күттірмейді

Қала әкімдігінің ерекше бақылауында жолдардың сапасы және аудан тұрғындары үшін қолайлы қалалық орта құру мәселесі тұр. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың айтуынша, аудандағы жолдардың жай-күйін жақсарту кейінге шегеруге келмейтін мәселелердің бірі. 2023 жылы магистральды көшелерде, оның ішінде Бұқтырма, Майлин, Бекмаханов және Сүйінбай

даңғылында 24 км жолға орташа жөндеу және 20 мың шаршы метрден астам жолға ағымдағы жөндеу жүргізіледі. 2022 жылы ауданда 13 км жол орташа жөндеуден және 16 мың шаршы метр жол ағымдағы жөндеуден өткен болатын. Сонымен қатар, 11 көшеде 9 км жаяу жүргінші тротуары салынды.

39 көшеде жаңа шам пайда болады

Ауданның электр желілері де ретке келтірілуде. Өткен жылы 24 шақырым жаңа электр желілері салынып, 13 трансформаторлық қосалқы станция қайта жаңартылған болатын. Жыл соңына дейін «Әлмерек», «Нұршашқан» және «Шуақты» шағынаудандарында электр желілерін жаңғырту аяқталады. Тұздыбастау қосалқы станциясы пайдалануға беріледі.

Алматы қаласының әкімі қауіпсіздік мәселелеріне, оның ішінде ауданның көше

жарығына ерекше назар аударды. Ұзындығы 7,5 км магистральдық көшелер бойынша сыртқы жарықтандыру желілерін жаңғырту наурыз айында аяқталды. Қала басшысы 2022 жылдың желтоқсанынан бастап Түркісіб ауданының 100 ішінара жарықтандырылған көшесінде тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын атады. 61 көшеде жарық қосылған, қалған көшелердің жұмыстары 2023 жылдың жылдың сәуір айында аяқталады. Наурыз айында ұзындығы 7,5 км болатын 2 магистральды көшенің сыртқы жарықтандыру желісін жаңғырту жұмыстары аяқталды. Тұрғындардың өтінімдері бойынша осы жылдың соңына дейін «Әлмерек», «Нұршашқан», «Жас қанат» шағынаудандарында, Енисейская, Баканская және т.б. көшелерде 80 учаске бойынша қосымша сыртқы жарық желісін салу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленеді. 2023 жылдың I тоқсанының соңына дейін 700-ге жуық жаңа бейнекамера және қосымша 96 «Сергек» аппараттық ке-

СҰРАҚ-ЖАУАП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев өз баяндамасынан кейін дәстүрлі түрде аудан тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Түркісіб ауданының тұрғыны «Алматы-1» теміржол вокзалының 50 жылдығына орай мұнда жөндеу жұмыстарын жүргізуді өтінді:

– Құрметті Ерболат Асқарбекұлы, мен – ҚТЖ ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Менің екі сұрағым бар. Бірінші сұрақ «Алматы-1» вокзалына қатысты. Мұнда жеңіл көлік қозғалысын реттеу керек, кептелістер Шолохов көшесіне дейін жетеді. Сонымен қатар, Алматының бірінші вокзалына 50 жыл толады. Сондықтан біз оған кем дегенде шағын жөндеу жұмыстарын жүргізуді сұраймыз. Екінші мәселе, Түркісібтің жүз жылдығы жақындап қалды, 1927 жылы құрылысы басталып, 1930 жылы аяқталған. Біздің аудан осы әйгілі теміржолдың атымен аталатыны белгілі. Сондықтан біз оның жүз жылдығына орай «Алматы-1» вокзалының алдына Түркісіб заманының паровозын қойғымыз келеді. Аудан әкімдігімен келіссөздер жүргіздік. Енді сізден де осы мәселені қарастырып, рұқсат беруіңізді сұраймыз, – деді тұрғын.

Қала әкімі Алматыдағы теміржол вокзалдары «Қазақстан темір жолы» АҚ-ға қайтарылатынын айтты.

– Біріншіден, екі станция да қала үшін өте маңызды транспорт жүйесі. «Алматы-1» вокзалының жанындағы алаңды ретке келтіру керек. Менің білуімше, автотұрақ жасауға болатын жекеменшік жер бар. Мен Жер қатынастары басқармасына жалға алу уақыты бойынша тапсырма бердім. Мүмкін сол жерде көп деңгейлі паркингтер саламыз. Бірақ өздеріңіз білесіздер ғой, кептелістер бірінші кезекте такси жүргізушілерінің кесірінен туындайды.

Ал вокзалды жөндеу бойынша, бүгін біз екі вокзалды «Қазақстан темір жолына» қайтару керек деп шештік. Осы бағытта соңғы жұмыстар істеліп жатыр. Менің ойымша, бұл дұрыс. Бір кездері қандай да бір себептермен инфрақұрылымның осы бөлігі алынған. Сондай-ақ, менің білуімше, «Қазақстан темір жолы» вокзалды жөндеуді ғана емес, оған

инвестиция салуды жоспарлап отыр.

Ал Түркісібтің жүз жылдығын қарастырайық. Аудан әкіміне және қалалық комиссияға тапсырма беремін. Өзіңіз айтқандай, ауданның атауы осы теміржолдан шыққан. Биыл Түркісіб ауданына 85 жыл толады, барлықтарыңызды тағы да құттықтаймын. Осыған орай іс-шаралар ұйымдастырылады. Мәслихат өз жұмысын бастағаннан кейін біз осы жылы Түркісіб ауданының барлық өзекті мәселелерін шешу туралы өтінішпен жүгінеміз, – деді шаһар басшысы.

Келесі сұрақ қойған аудан тұрғыны кәріз жүйесін салуды өтінді.

– Менде бір ғана сұрақ бар. Түркісіб ауданында Жарылқасов деген көше бар. Менің үлкен ұлым сол жерде тұрады, кәріз жүйесі жоқ. Онда 150 үй бар. 50 жылдан асты, ешқандай кәріз салынбаған. Кейбір тендерді ұтып алған компаниялар кәріз жүйесі бар жерді қазып, қайтадан салып жатыр. Ертең сіз Премьер-Министр болып Астанаға кетіп қалсаңыз, бұл мәселе тағы қалып кете ме? Өйткені, бұл сұрақ әкімнен әкімге мұра болып келе жатыр, – деді тұрғын.

Шаһар басшысы тұрғын сұрағына жауап берді.

– Бүгін алдарыңызда отырмын ғой. Рұқсат берсеңіздер, мен осы жерде қалып жұмыс істейін. Санжар Меңдібайұлы?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

– Жарылқасов көшесі жобада бар. Жұмыстар келесі жылдың екінші тоқсанында басталады, – деді Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин.

– Өткен жолы тапсырма бергенмін. Жобаларды дайындап жатыр, қарашаға дейін бәрін бітіруі керек. Оған кәріз жүйесі жоқ көшелерді қостық, – деп толықтырды қала әкімі.

Сүйінбай көшесінің тұрғыны электр желісі мен жол мәселесін қозғады.

– Мен Сүйінбай, 503 мекенжайы бойынша тұратын 27 отбасының атынан келіп тұрмын. Біз 25 жыл болды,



ШЕШІМІН ТАПТЫ

Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті



шені орнатылатын мекенжайлар тізімі дайындалады.

Әлеуметтік және спорттық бағыттағы нысандар қолжетімді болмақ

Ауданның әлеуметтік инфрақұрылым мәселелері де қаланың дамуында ерекше орын алады. Оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін өткен жылы Түрксіб ауданында 1500 орынды №211 мемлекеттік мектеп-гимназия салынды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында 6400 оқушыға арналған 4 мектеп салу қарастырылған.

№70 арнайы бөбекжай ғимаратын сейсмикалық күшейту жұмыстары аяқталуда, ағымдағы жылдың соңына дейін «Қайрат» шағынауданында 260 орынды мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталады.

Сапалы медициналық қызмет көрсетудің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін күзде «Нұршашқан» шағынауданында 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Екінші тоқсанда Айбасов көшесі бойында 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады. «Қайрат» шағынауданында 340 келушіге арналған емхана құрылысы бойынша ЖСҚ әзірлеуді аяқтау ағымдағы жылдың маусым айына жоспарланған.

Аудан тұрғындары үшін әлеуметтік және спорттық бағыттағы нысандар пайда болады. Шаһар басшысы Ерболат Досаев 2023 жылдың II тоқсанында «Жас қанат» шағынауданында бассейні бар заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылатынын хабарлады. Онда жүзу, су добы, синхронды жүзу, баскетбол және басқа да спорт түрлері болады. III тоқсанда әлеуметтік нысандар орталығы ашылады. Онда «Бақытты отбасы»

әлеуметтік орталығы, «Шыңға өрлеу», «Ардагерлер кеңесі» және «Мүгедектер қоғамы» әлеуметтік клубтары орналасады. Ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізу үшін бюджеттен ақша бөлінді.

ХҚБ бағдарламасы іске асуда

Биыл Түрксіб ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 91 жобаны іске асыру жоспарланған. Шаһар басшысы 2022 жылы Түрксіб ауданында 800 млн теңгеге 28 жоба іске асырылғанын атап өтті. Ортақ пайдаланудағы 14 орын, 10 балалар және спорт алаңдары абаттандырылды, 4 контейнер алаңы қазылып орнатылды.

«Менің тапсырмам бойынша «Халық қатысатын бюджет» жобасын іске асыруға биыл қаланың барлық 8 ауданына қосымша 7 млрд теңге бөлінді, оның ішінде Түрксіб ауданына 875 млн теңге бөлінді», – деді қала әкімі тұрғындарға.

МӘДЕНИЕТТІЛІГІМЕН ТӘНТІ ЕТТІ

модуль зауытынан электр жарығын алып отырмыз. Қазіргі кезде сол электр желілері өте ауыр жағдайда. Талай жерге хат жаздық, бірақ «өз күштеріңізбен желі жүргізіңіздер, трансформаторды өздеріңіз аласыздар» деген жауап аламыз. Барлығы қымбаттап жатқан кезде бізге өз күшімізбен трансформатор алып бөлек шығу өте ауыр. Сондықтан біздің қалалық электр желісіне қосылуымызға көмек берсеңіздер. Екіншіден, біздің бір жағымыз мектеп, екі жағымыз модуль болғандықтан, ортада кішкене ғана жол бар. Сол жерге тротуар жүргізіп берсеңіздер. Өйткені, жол лай, машиналар жүрген сайын ойылып жатыр, – деп шағымданды аудан тұрғыны.

– Тротуар жағынан, өз баяндамада айтқанымдай, аудандық «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы үшін 900 миллиондай қосымша ақша бөлемін. Сондай-ақ, аудан әкіміне тапсырамын, Бақытжан өзі қарасын. Трансформатор жағынан Энергетика басқармасына тапсырма беремін.

Алтынай есімді тұрғын балабақшада орын жоқ екенін айтып шағымданды.

– Сәлеметсіз бе! Қасиетті Рамазан айы құтты болсын, Ораза қабыл болсын! Мен көпбалалы анамын, есімім Алтынай. Менің бірінші сұрағым, балаларым дүниеге келісімен, балабақшаға кезекке тұрғыздым. Қазіргі таңда балаларымның жасы 3-те және 4-те. «Жас қанаттағы» №187 балабақшаға орын өте аз. «Орп Almaty» бойынша таңғы 5-тен кезекке тұрамыз, 5 минутта орын жоқ болып кетеді. Мен қазір жұмысқа шыққым келеді, балаларды қарайтын ешкім жоқ болғандықтан, үйде отырмын. Осы мамыр айының аяғы мен маусымның басында тағы да кезек ашылады. Тағы да ол жерден кезек ала алмайтыныма сенімдімін. Сондықтан сізден бір көмек болар ма екен? 4 жылдан бері орын жоқ. «Жас қанатта» екі мемлекеттік балабақша бар, соларға балаларымды бергім келеді. Екінші сұрағым, қазір менде баспана жоқ. Баспана алу үшін бизнес ашқым келеді. Оған мемлекеттік грант алайын десем, қазір кредит бойынша қара тізімде тұрмын. Сондықтан «сізге грант бөлінбейді» деп мені қайтарып жібереді.

Қала әкімі көпбалалы аналарға арналған қалалық бағдарламалар бар екенін түсіндірді.

– Бізде шынымен гранттар бар, өзіңіз шағын кәсіпорын ашсаңыз болады. Бірақ алдымен қара тізімнен шығу керек. Онсыз бөлінетін ақшаны біз заңды түрде бере алмаймыз. Жалпы қала бойынша көпбалалы аналарға арналған бағдарламаларымыз бар. Қарыз жабылса, бірден сізге мүмкіншілік ашылады. Бұл туралы қазір осы жердегі мамандар түсіндіріп береді. Ал балабақша мәселесіне келсек, Ляззат Әуесханқызы?

– Расымен де «Жас қанат» шағынауданында екі мемлекеттік балабақша бар, екеуінде де орын толық. Алайда, қазір өтініш айтып тұрған кісі көпбалалы ана болғандықтан, ол бірінші кезекте орын ала алады, – деді Алматы қаласы Білім басқармасының басшысы Ляззат Жылқыбаева.

● ТҮЙІН:

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Түрксіб ауданының тұрғындарымен 2 сағаттан астам уақыт әңгімелесіп, өзіне қойылған әр сұраққа толыққанды жауап берді. Аудан тұрғындарын мазалаған сауалдарды бірге талқылап, түйткілді мәселелерін шешуге тиісті мекемелерге тапсырма берді. Тұрғындар көшелерді жарықтандыру, қауіпсіздік, сүрілетін ескі үйлер, инфрақұрылым, жол, қоғамдық көлік, мектептер мен балабақшалардағы орын тапшылығы секілді өзекті мәселелерді ортаға салды. Сұрақтарын нақты әрі қысқа қойып, әкімді тыңдай білген Түрксіб ауданының тұрғындары мәдениеттілігімен тәнті етті.

Әзірлегендер Айнұр СЕНБАЕВА, Досбол АТАЖАН.

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ТҮРКСІБ АУДАНЫ



Жыл соңына дейін 41 км болатын **57 учаскеде** арық желілері мен нөсер кәріздері салынады және реконструкцияланады



Бұқтырма, Майлин, Бекмаханов және Сүйінбай даңғылында **24 км** жолға орташа жөндеу жүргізіледі



Өткен жылы 61 көшеде жарық қосылған, қалған **39 көшеге** биыл сәуірдің аяғына дейін қосылады



Түрксіб ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында **6400 оқушыға** арналған 4 мектеп салынады



Осы жылы Айбасов көшесі бойында **200 келушіге** арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталады



«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша биыл ауданда **91 жобаны** іске асыру жоспарланған



● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ҰЛТТЫҚ КИІМ – БАБАЛАР АМАНАТЫ

Оны заманға сай жаңғыртып, күнделікті киімге айналдыру керек-ақ

Әлі есімде, тоқсаныншы жылдары бастауыш сыныпта оқып жүрген кезімізде қазіргідей нақты мектеп формасы да болмаған еді. Аумалы-төкпелі кезеңде әркім барын киетін. Бірде сынып жетекшіміз Күлзипа апай бәрімізге қазақша оюы бар көжекей киіп келуге, қыздарға шашына шашбау тағуға тапсырма берді. «Ата-аналарың бір-бір көжекей тігіп беруге шамалары жетеді, шашбауды да жасап берсін» деді. Шашбау дегеннің не екенін түсінбесек те, сол кезде мұғалімнің айтқаны заң ғой, үйге келіп, мұғалімнің тапсырмасын орындағанша әке-шешеміздің жанын қоймадық.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Сол бір кездерде қазіргі Абай облысындағы шағын ғана ауылымызға Монғолиядан қандастарымыз көшіп келіп жатқан кез болатын. Оларда ежелгі қолөнер өте керемет сақталған екен. Сырттан келген ағайындардың бәрі дерлік оюлы киім киіп жүретін, өздері шетінен ісмер. Сонымен, сыныптағы 30 бала ауылымызға жаңадан көшіп келген тігінші апаға бір-бір көжекей тіккіздік. Ал әжем сол кездегі аппақ тиындарды жиып, жылтыратып тазалап, әкеме тестіріп, шашбау жасап берді. Осылайша бір сыныптағы 30 бала мектепке ұлттық нақышта киініп баратын болдық. Басқа сыныптың оқушылары да бізден үлгі алып, қазақы ою-өрнегі бар көжекейлер кие бастаған еді.

Бүгінде сол бастауыш сыныптың оқушылары жасы 40-қа жақындаған бір-бір үйдің отағасы мен аяулы аналары. Биылғы Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келген қасиетті Рамазан айының алғашқы күні сол сыныптың оқушысы Думан басымызды қосып, Алматыда ауызашар берді. Осы тамаша күнге

орай бәріміз бала-шағамызбен ұлттық киім киіп бардық. Бала кезімізден мұғаліміміз бойымызға сіңірген ұйымшылдық, ұлттық құндылықтарға деген махаббат күні бүгінге дейін жадымызда сақтаулы.

Тоқсаныншы жылдары тәуелсіздікке қол жеткен кезде өшкеніміз жанып, салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, Наурыз тойы тойлана бастаған кез еді ғой. Киіз үйлер тігіліп, ауыл адамдары бар-жоқты ұлттық киімдерін киіп, наурыз көже, бауырсақ пісіріліп, спорттық ойындар, ат жарыс, бәйге, көкпар ұйымдастырылатын. Мектепте де наурызға қатысты көріністер жиі-жиі қойыла бастады. Сол кездерде ауылдағы шағын клубта бірді-екілі қазақша ұлттық киім болмаса, қазіргідей түрлі стильдегі қазақша көйлектер, қамзолдар мен көжекейлер, ұлттық әшекейлер тапшы болды. Соның өзінде Наурыз тойын ерекше етіп тойлауға жұрт барын салатын.

Содан бері де, міне, 30 жылдан астам уақыт өтті. Осы жылдар ішінде қазақтың ұлттық киімдері мен әшекейлері, киіз үй мен оның жабдықтары тек наурыз тойында ғана еске түседі деген де пікірлер айтылып жүрді. Бірақ заман жаңа-

рып, технологиялық ғасыр келсе де, біз қанымызға біткен ұлттық болмысымыздан ажыраған жоқпыз. Бұған дәлел жертерлік. Жылдан-жылға қалада да, ауылдарда да наурыз мерекесінің тойлану ауқымы кеңейе түсті. Айталық, биыл Алматыда наурыз мерекесіне орай қаланың безендірілуі де ерекше. Әдемі оюлар, аппақ киіз үйлер, түрлі инсталляциялар мен ұлттық композициялар көздің жауын алады. Үш күн бойы Наурыз тойы қаланың әр аудандарында, орталықтарында керемет тойланды. Алаңда, көшелерде, қаладағы сауда ойын-сауық орталықтарында үстіне оюлы шапан, зерлі қамзол киген ерлер мен әйелдер, шаштарына күмістен шашбау, шолпы, шекелік таққан қыз-келіншектер мерекенің көрігін қыздыра түсті.

Тіпті, өзге ұлт өкілдері де қазақша киініп алған. Түрлі мекеменің қызметкерлері де тек наурызда ғана емес басқа да мейрамдарда ұлттық нақышта киінуді біраз жылдан бері дәстүрге айналдырды. Кейінгі жылдары ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдар жасайтын кәсіпкерлердің де кәсібі өрге жүзуде.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақжол АХМЕТОВА, зергер:

Қолөнердің парқын түсінетіндер көбейіп келеді

Қазіргі кезде, шүкір, ұлттық киімнің, әшекейлердің, зергерлік бұйымдардың, жалпы қолөнердің парқын түсінетін адамдар көбейіп келеді. Өзім бала кезімнен зергерлік өнерге қатты қызықтым. Өйткені, атам өте шебер ұста болатын. Мамандығым мүлде басқа сала болса да, кейінгі жылдары осы зергерлікті қолға алып, кәсібімді дөңгелетіп отырмын. Зергерлік бұйымдарды сатып алушылар – ұлттық нақыштағы әшекейлерді жоғары бағалайтын адамдар. Сәндік бұйымдарды көбіне қалыңдық жасауына, жас жұбайларға сыйлыққа, аналарының мерейтойына, әріптестері мен серіктестеріне құрмет белгісі ретінде сатып алады.

Ертеде әжелеріміз бойжетіп келе жатқан қыздың шашына шашбау тағатын болған. Қос бұрымға тағылған шашбаудың сыңғыры неғұрлым қатты естілсе, қыз сыпайы болуы үшін соғұрлым ескертулер жасап отырған. Осылайша тал шыбықтай бұралып өсіп келе жатқан қыздың жүрісі аққудай, мінезі мамықтай, әдепті әрі байыпты болуына шашбаудың тигізер пайдасы көп. Сондықтан болашақта жасөспірім қыздарға шашбау тағуды әдетке айналдырсақ деген ниетпен шашбауларды ыңғайлы, сүйкімді, заманға сай етіп жасауды қолға алдық. Мақсатымыз – өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу, ұлы дала нышандарын қайта жаңғырту.

● ТЕЛЕКӨПІР

«СӘЛЕМ, НОВРУЗ!»

қазақ пен әзербайжанның салт-дәстүрі көрсетілді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙЫДЫ.

Алматыда С.Бегалин атындағы Орталық қалалық балалар кітапханасында «Сәлем, Наурыз!», «Сәлем, Новруз!» атты онлайн-телекөпір өтті. Іс-шара Әзербайжан Республикасының Орталық кітапханасымен бірлесіп ұйымдастырылды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

3-сынып оқушылары, кітапханашылар, мұғалімдер, РЭЦК студенттері өнерлерін ортаға салды. Екі

елдің салт-дәстүрлерін көрсетіп, ән-билерінен шашу шашты.

«Біз «Сәлем, Наурыз!», «Сәлем, Новруз!» атты онлайн-телекөпірін осымен екінші рет өткізіп отырмыз. Осылайша ұлттық құндылықтарымызды, ақын-жазушылары-

мыздың шығармаларын шетелдік қонақтарға танытпақпыз. Мұндай іс-шаралар көршілес Қырғызстан, Белоруссия, Өзбекстан сынды мемлекеттермен де өткізілуде. Сөйтіп, мектеп оқушыларын, студенттерімізді әр елдің салт-дәстүрімен, әдебиетімен таныстырып келеміз. Кітапханалық қоғамдастығы шеңберінде ұлттық мәдени кодты сақтау мақсатын көздейміз», – дейді С.Бегалин атындағы Орталық қалалық балалар кітапханасының меңгерушісі Алма Қонарова.

Аталмыш іс-шарада екі елдің балалары Наурыз мерекесі туралы жұмбақтар мен мақал-мәтелдер айттып жарысты. Сондай-ақ, салт-дәстүрлерді көрсетіп, музыкалық аспаптарда ойнады. Әзербайжан тілінде Джаваңшир Кулиевтің «Novruz gəlib» және Алекпер Тагиевтің «Qizil lələdir adım» әндері орындалды.

«Кітап оқуға келгенмін, осынау мерекелік іс-шараның үстінен түстім. Басқа елдер Наурыз мейрамын қалай тойлайды деп ойлайтын едім. Әзербайжан халқының ұлттық дәстүрлері мен тағамдарымен таныс болдым. Маған өте қатты ұнады», – дейді Жадыра Сенбек есімді оқырман.

Көрермендерге мерекелік дастархан ұсынылды. Әзербайжан халқы Новруз қарсаңындағы сәрсенбі күнін «ахыр чершенбе» деп атайтынын, осы кезде орындалатын әдет-ғұрыптарын көрсетті.

● ӨНЕР

«Алтын сақа» тағы да алшысынан түсті

Алматыда Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында дәстүрге айналған жаңа қойылымдардың «Алтын сақа» атты V театршілік фестивалі өтті.

Қазылар алқасының құрамы театр саласының көрнекті де кәсіби білікті қайраткерлерінен құралды. Фестивальге 2022-2023 жыл аралығында тұсауы кесілген «Оян, қалыңдық!», «Король Лир», «Ақ кеме», «Дилфи-зо мен Донада», «Ойнайық та ойлайық», «Сырымды саған айтамын», «Болмаған балалық шақ» спектакльдері қатысты. Сәйкесінше, аталмыш спектакльдерде оза шауып, талантымен таңқалдыра білген өнерпаздарға «Ең үздік ер адам бейнесі» (Елдар Отарбаев), «Үздік әйел адам бейнесі» (Гүлбаһрам Байбосынова), «Үздік эпизод» (Мөлдір Қонысқызы) және т.б. марапаттар табысталды.

«Сахнаға жаңа қосылған қойылымдарымыз халықтың ыстық ықыласына бөленуде. Бұл дегеніміз, қазақ өнерінің жаңа деңгейде бой көтергенін айқындайды», – дейді Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Талғат Есеналиев.

Бірінші бөлім Қазақстанның халық артистері Кененбай Қожабеков, Атагелді Ысмайылов, Мұхтар Бақтыгереев, т.б. жайлы естеліктер айтумен бастау алып, екінші бөлім марапаттау мен алматылық театрлардың құттықтауымен жалғасты.

Аталмыш іс-шара мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және театр өнерінің даму үрдісіне қомақты үлес қосу мақсатында ұйымдастырылған.

А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



ДӘСТҮР

Жарапазан: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Қазіргі күні Рамазан айының қадірі артып, ораза ұстаушылар қатары жылдан-жылға көбейіп келеді. Ауыз әдебиетіміз арқылы бүгінге мұра боп жеткен жарапазан жыры да дәл осы қасиетті айда айтылады. Жарапазан – қазақ даласында ислам діні берік орныққаннан кейін пайда болған тұрмыс-салт жырларының бір түрі.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Сәресіне оятқан

Иә, Рамазан айы келгелі, ауламызда, көшемізде жарапазан айтатын балалар көбейді. Яғни жарапазан – оразаның сәні десек те жарасатын шығар.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Жарапазан – рамазан деген сөзден шыққан. Ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа да сол сияқты нәрселер береді. Жарапазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарапазанды екі адам болып жүріп айтады. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады», – деп жазады.

Жарапазаншылар жыр арқылы ораза тұтқандардың көңілін көтерген, қайыр-зекетін де алған. Деректерге сүйенсек, жарапазан айтудың өзіндік тәртібі болған. Әуелі оразаның алғашқы үш күнінде ауыз бекітер алдында, үйдің ту сыртынан айтылған. Бұл бір жағынан ауыз бекіткен адамды сәресіне ояту үшін жасалады. Алдымен жарапазан желдірмесі, сосын жарапазан сөзі, одан кейін жарапазан батасы айтылған. Есік алдына келіп тұрған жарапазаншының даусынан үй иесі оянып, дәмін ұсынып, риза қылып шығарып салатын болған.

Құрт-ірімшік сұраған

Жарапазанды көбінде ауызашардан соң кешкі алагеуімде ауыз бекіткен жандарды сергіту үшін қыдырма жарапазаншылар айтқан көрінеді. Үй иесінің көрсеткен сый-сияпатына қарай оның жомарттығын да өлеңге қосатын болған. Кейде көңілден шықпағандарды қуақы тілмен түйреп, әзіл-қалжыңға да айналдырған деседі.

Жарапазан жырларын үлкендерден ести жүріп үйренген ауыл балалары да жаттап алып, кешке ел орынға отырған шақта олар да топтасып алып ауыл аралап жарапазан айтқан. Жарапазанды жоқ-жітік замандарда дүние табу кәсібіне айналдырғандар да болған көрінеді. Сондай-ақ, белгілі бір дәрежеде өнерге жақын адамдардың табыс көзі де болған деседі. Мәселен, белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев «Ораза айында үлкен айтушылар жарапазан айтып түйе алса, кішігірім айтушылар үй жағалап, әйелдерден ауызашарға құрт, май, ірімшік, сұраған» деп жазады. Жалпы, жарапазан жырлары адамгершілікті, қайырымдылықты, имандылықты, адалдықты, оразаны дәріптеп, ислам дінін насихаттап, көпшілікті иманға ұйытуды мақсат еткен. Ал «Қуыс үйден құр шықпаған» жарапазаншы міндетті түрде батасын береді. Бата да жыр түрінде көрініс тапқан. Береке-бірлікке, ізгілікке шақырудан тұған батасы арқылы сол үйге деген түзу ниетін білдірген.

Балалардың мінгені,
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың көңілі жай болсын.

Ай жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын.

Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын!

Бөліл-бөліл, бөліл бол,
Бозторғайдай төліл бол.
Бәйтеректей бүрлі бол,
Пайғамбардай нұрлы бол.

Бүгінгі бала не сұрайды?

Иә, бұрын жарапазанды бүкіл ауыл, қауым болып, үлкен, кіші бірдей айтқан болса, ал қазір, байқап жүрген болсаңыз, тек ойын балалары ғана айтатын секілді. Кеше келген бір топ бала: «Алып шық, алып шық, Сары табаққа салып шық», – деп айқайлап тұр екен. Қапелімде қолыма ештеңе түсе қоймай, дастархан үстінде тұрған екі түйір алманы, бір уыс өрік-мейіз бен кәмпітті ала шықтым.

– Төте, ақша жоқ па? – деді көршінің батылдау, өткір ұлы. Тағы тосылып қалмасым бар ма. Себебі, қалтамда ақшам жоқ еді. Нақтырақ айтқанда, қазір тиын-тебеніміз де ұялы телефонның ішінде жүреді ғой. Енді бір келгендерінде дайындап қоямын дедім күліп.

Рас, бүгінгі балалар кәмпіт-печеньеңе қарамайды. Ол да дұрыс шығар, бала тиынға өз қалағанын, мәселен, балмұздақ алып жегісі келетін болар, бәлкім. Немесе тәтті сусын ішкісі келіп тұр. Ал кәмпіт өз үйінде де бар дегендей. Қалай болғанда да, бабаларымыздан жеткен жарапазан дәстүрін жалғастырып жүрген кішкентай өрендер үшін бек қуаныштымыз.

Үйің-үйің үй екен...

Сөз соңында жарапазан жырларынан бірер үзінді келтірейік.

Үйің-үйің үй екен,
Үйдің көркі иш екен,
Саба көркі бие екен,
Сандық көркі түйе екен.
Әшекейлеп сырлаған,
Қандай байдың үйі екен?

Айтайын жарапазан есігіңе-ау,
Сәби бітсін осы үйдің бесігіңе-ау.
Жарапазан тек қана дін жолы емес,
Бұйыртысын деп айтайын несібіңе-ау!

Мінгені Пайғамбардың кер деймісін,
Ақшаны кекілінен тер деймісін.
Оразаң былтыр кеткен биыл келді,
Бітірін жылдамырақ бермеймісін.

Ораза жыл он екі ай бір-ақ келер,
Баласын мұсылманның жинап келер.
Айтқанға жарапазан жылқы берсе,
Қарасат майданында пырақ берер.

Дегенге, жарапазан, жарапазан!
Келеді таудан құлап жарық қазан.
Белдеуден ұстап кемпір түзге отырар,
Алып шық жылдамырақ, жеңешежан!

ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға
және жан-жақты кемелденуге
бастайды

(Басы өткен сандарда).

- Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады.
- Рамазан – жақсылықтар мен салиқалы амалдар сауабы еселеніп жазылатын ай.
- Бұл айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Жақсылықтар еселенетін қасиетті айда «Алматы ақшамында» ораза ұстаған жамағатқа бағыт-бағдар болатын «Muftyat» баспасынан шыққан «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшадан тағылымды үзінділер берілетінін хабарлаған едік. Бүгін оқырмандар назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз. Ораза қабыл болсын, ұстаған жан!

■ Сәресі уақытында әуелі су ішу керек пе, әлде ниет еткеннен кейін ішу керек пе?

■ Ауыз бекіту уақыты – ниет еткеннен кейін емес, таң намазының уақыты кірісімен басталады. Сол себепті, сәресі уақыты әлі шықпаған болса (яғни таң намазы кіріп қоймаған болса), қайта су ішуіне болады. Бұл әрекеті алдын ала жасаған ниетін бұзбайды, хәм оразасы дұрыс болып саналады. Десе де, ауыз бекітетін уақыт кірмеген болса, сәресіден кейін пастамен тісін тазалап, су ішіп болған соң ниет етіп, дұғасын жасағаны абзал.

■ Түске дейін ниет етпеген адам ішіп-жемеген болса, ораза ұстай алады ма?

■ Ханафи мазһабының еңбектерінің бірі Марақил Фалах кітабында: «Зәуәл (тал түс) уақытына дейін оразаға ниет етпеген болса, сол күнгі оразасын ұстай алмайды», – деп жазылған.

■ Сәресіге ұйықтап қалып, күні бойы ешнәрсе ішіп-жемесе, ораза ұстаған болып санала ма?

■ Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «ашура» күні хабарлаушы кісіге: «Кім бір нәрсе жеп қойған болса, аузын күннің соңына дейін берік етіп тамамдасын. Ал ештеңе жемеген адам, сол күйінше жемесін (ораза ұстасын)», – деп жар салуын бұйырды (Бұхари). Демек, сәресіге ұйықтап қалған адам ұйқысынан тұрғанда нәр тартпастан, ниет етіп оразасын жалғастырады. Бастысы, таңертең еш нәрсе ішіп-жемеуі және түске дейін ниет етіп үлгеруі тиіс.

■ Жалпы сәресіге тұрмай ораза ұстауға бола ма?

■ Иә, сәресіге тұрмай-ақ ораза тұтуға болады. Алайда, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бір жұтым су ішсеңдер де сәресін үзбендер. Өйткені, Алла Тағала мен періштелер сәресіге тұрғандарға жақсылық тілейді», – деген өсиеті бар. Сонымен қатар, сәресіге тұрып ас ішу немесе ең болмаса су ішу не құрма жеу күні бойы адамға қуат береді. Нәтижеде ораза ұстауда түрлі қиындықтардың алдын алуға септігін тигізеді.

■ «Сәресі ішіндер, сәресіде берекет бар» деген хадисті түсіндіріп берсеңіз?

■ Сәресі ішудің өзіндік берекеті мен артықшылықтары бар. Атап айтқанда: Сәресіге тұрған адамды Алла рақымына алып, жарылқау тілейді; Сәресіге тұру – сүннет; Құлшылыққа күш-қуат береді; Ширақтықты арттырады (белсенділік, энергия, т.б.); Аштықтан келетін нашар мінездің алдын алады; Сәресі дұға қабыл болатын уақыт; Сәресіде ниетті түзеп, ықыласты арттыруға мүмкіндік туады; Сәресіге тұрған адам таң намазына ұйықтап қалмайды.

■ Сәресі уақыты өтіп кеткенде білместікпен ішіп-жеп қойса не болады?

■ Мұндай жағдайда «оразам бұзылды» деп ойлап, аузын ашып жіберуіне болмайды. Оразасын әрі қарай жалғастырады. Кейін сол күнгі оразаның қазасын өтейді.

■ Таң намазына 2 минут қалғанда ауыз бекітсе бола ма?

■ Азан айтылғанға дейін ішіп-жеуге болады. Хадисте: «Сендер Ибн Умму Мәктұм азан шақырғанға дейін ішіп-жеңдер», – деген (Бұхари). Ал егер ұйықтап қалудан қорықса, сәресін ертерек ішіп, ниет етіп, ұйықтауына болады. Дегенмен, сәресіге тұрып тамақтанғаны абзал. Өйткені, сәресіде береке бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).



ҚАЛАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ БІР, ҚАЛАҒАНЫҢ ТАҢДАЙ БІЛ!

Сонымен қатар, Алматы колледждерінде оқып жатқан 700-ден астам 1-курс студенттері де бір жыл ішінде алған білімдері мен жинаған тәжірибелерін ортаға салып, дайын маман екендіктерін танытты. Бұл күні мектеп оқушылары қаламыздағы түрлі өндіріс орындарын аралап, кәсіпорындарда болды. Жалпы, жастар байқау барысында түрлі мамандықтың қыр-сырына бойлады.

Сонымен, Алматы қаласының «Техникалық және кәсіптік білім беру» жүйесі қызметкерлері бұл күні мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беріп, жұмысшы және кәсіптік сала мамандығын барынша насихаттап жатыр. Ең басты мақсат – жастарға дұрыс бағыт беріп, олардың адаспай, өзі қалаған мамандығын таңдауына қолдау көрсету. Сондықтан онкүндіктің әр күні тағылым мен тәжірибеге толы.

Фестивальдің алғашқы күнін қала мектептерінде оқып жатқан 9-сынып оқушылары байырғы оқу ордасы «Туризм және қонақжайлық индустриясы» колледжінен бастады. Оқу ордасы аты айтып тұрғандай бүгінгі нарық заманына сай мамандарды даярлайды. Сондықтан бұл оқу ордасын бітірген түлектер жүз пайыз жұмыспен қамтылады. Мұнда негізінен жұмыс берушілердің сұранысына сай мамандар даярланады. Қаламыздағы мейрамханалар мен кафелердегі аспазшы, даяшы, кондитер сияқты мамандық иелерін осы оқу орны даярлайды. Оқу ордасы түлектерінің дені қазір шаһарымыздағы көптеген қонақүйлер мен мейрамханаларда, сауда орындарында, қоғамдық тамақтану мекемелерінде қызмет етіп жатыр.

Қаламыздың сегіз ауданынан келген оқушылар алдымен оқу ордасының базасымен, оқу кабинеттері мен өндірістік тәжірибе аландарымен танысып шықты.

Алматыда қалалық әкімшіліктің ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Кәсіптік білім: табысқа жету жолы» атты жұмысшы мамандығы фестивалінің күннен-күнге маңызы арта түсуде. Фестивальге қатысушы қала мектептерінің 9-сыныбында оқып жатқан 12 000-ға жуық оқушы үшін бұл жай ғана басқосу емес, болашақ мамандықты таңдауға арналған зор мүмкіндік болды.



Сосын өндіріс шеберлері оқушыларды қауіпсіздік шараларымен таныстырды. Мектеп оқушылары «Мейрамханада қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша «JasSkills Almaty» кәсіби шеберлікке баулу чемпионатына қатысты. Барлық қатысушыларды оқу ордасының басшысы Нұрдаулет Жақыпбекұлы құттықтап, мұндағы мамандықтардың сұранысқа сай екендігіне тоқталды.

– Қала басшылығының тікелей қолдауымен өткізіліп жатқан байқаудың берері мол. Мәселен, колледж бітірген бала тез жұмыс табады. Өйткені, дуальді

оқу үрдісі бойынша білім береміз. Түлектеріміз оқумен қатар, өндірісте тәжірибе алады. Дайын маманға сұраныс жоғары, – деді.

Келесі кезекте сөз алған Азат Сәбитұлы осы оқу ордасының түлегі, халықаралық дәрежедегі сарапшы. Қазіргі кезде оқу орнында өндірістік оқу шебері болып еңбек етіп жүр.

– Бұл байқаудың ерекшелігі сол, алдымен колледждер арасында жарысып, озғандар республикалық байқауға барады. Одан озғандар басқа мемлекетке барып, өз шеберліктерін көрсетеді. Біздің Андрей Белоносов деген студентіміз 2015 жылы Бразилияда өткен беделді байқаудан орын алып келген еді. Қазір мейрамханада аспаз болып жұмыс істеп жүр.

Сосын Екатерина Печекова деген студентіміз Астанада 2-орын алды. Бүгінде өзінің кәсібін ашып алды. Тағы бір студентіміз Нұрмаханбер Ақтілеуов те 2-орын алды. Ол қазір ірі мейрамхананың меңгерушісі. Бізді бітірген мамандар бір емес, бес мамандықты игеріп шығады. Сондықтан сұраныс та жоғары. Көбі өздерінің кәсібін ашып алып жатыр. Біз әрине, бұған қуанамыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлман ӨМІРБЕКОВА, «Туризм және қонақжайлық индустриясы» колледжі директорының орынбасары:

– Осы онкүндіктің барысында мектеп оқушыларының бәрі болмаса да, біразы мамандық таңдап үлгерді. Сондықтан осындай іс-шараларды жиі өткізіп отыру керек деп ойлаймын. Ең бастысы, жастар жұмыссыз қалмауы керек. Бұл олардың ертеңгі өмірі, тіршілігі үшін жасалып жатқан қадам. Әртүрлі конкурстар өткіземіз. Осы онкүндікте тағы бір мамандық қосамыз.

Асқар НҰРМЕКЕҰЛЫ, №176 мектептің мұғалімі:

– Ата-аналар бала білім алып, бір мамандықты игерсе дейді. Әрине, ата-ананың баласын ертіп, мұндай оқу орны мен өндіріске баруына уақыты да бола бермейді. Осы кездесу үлкен көмек болды деп ойлаймын. Осыдан соң 20 шақты баланың осы колледжді таңдауы мүмкін. Сол 20 баланы жеке шақырып, кездесу өткізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Олар сонда әрбір мамандықпен тереңірек танысуға мүмкіндік алар еді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматыда 1 сәуірінен бастап балаларды бірінші сыныпқа тіркеу басталып, 1 тамызға дейін жалғасады. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында қабылдау электрондық үкімет порталы арқылы онлайн жүзеге асырылады. Бұл ретте өтініш берушінің мектепке келуі талап етілмейді. Ата-аналарға ыңғайлы болу үшін құжаттарды дәстүрлі қағаз форматында да беруге болады. Egov.kz «Электрондық үкімет» порталы өтінімдерді қабылдау және балаларды 1-сыныпқа қабылдау бойынша 1 сәуірден бастап қолжетімді болады.

Айта кетерлігі, мемлекеттік қызмет көрсету типтік ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Осылайша қызмет көрсету ережелеріне сәйкес өтініштерді қабылдау демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін жүзеге асырылады. Биыл 1-2 сәуір демалыс күндеріне келгендіктен барлық өтініштер 3 сәуірден бастап қабылданады.


Білім беру ұйымдары алты жастағы балаларды және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды бастайды. Қабылдау даярлық деңгейіне қарамастан мектепке (шағын учаскеге) қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балаларға қолжетімді болады. Сондай-ақ, балаларды өздерінің шағын учаскелері бойынша мектепке ғана емес, бос орында болса, кез келген басқа мемлекеттік мектепке де тіркеуге болады. Бір ескеретіні, көрсетілетін қызметті алушының мектепке қабылдау жөніндегі қызметті растайтын қалалық тіркеуі (уақытша немесе тұрақты) қажет (тек заңды өкілдер үшін, 14 жасқа дейінгі балаларға тіркеу талап етілмейді).

Бірінші сыныпқа өтініш беру бойынша қадамдық нұсқаулық:

1. Өтінім берер алдында өтініш беруші өздері тұратын шағын учаскені анықтауы тиіс. Өтініш берушінің қай шағын учаскеге жататынын Алматы қаласы Білім басқармасының bilmalmaty.kz мемлекеттік қызметтер порталында анықтауға болады. Басты бетте, «Шағын учаскелер картасы» бөлімінде, тіркелу немесе тұрғылықты мекенжайын көрсетіп, «Іздеу» бөліміне өту керек және қажетті білім беру ұйымын анықтау қажет.

2. Egov.kz порталына ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) арқылы немесе смс-парольдің көмегімен кіруге болады. Басты бетте «Білім», одан әрі «Орта білім» бөлімін таңдап, «Білім беру ұйымдарына (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы) құжаттарды қабылдау және білім беру ұйымына қабылдау» бөліміне өту керек. «Қызметке онлайн

1-СЫНЫПҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ 1 сәуірден басталады



тапсырыс беру» батырмасын басу. «Құжаттарды қабылдау және білім беру ұйымына қабылдау» өтінімінің түрін таңдап, телефон нөмірін, электрондық поштаны көрсету қажет. Әрі қарай, кімнен өтініш берілетінін таңдау керек. «Баланы таңдау» батырмасын басып, пайда болған тізімнен мектепке түсетін баланы таңдау қажет.

3. Әрі қарай, оқу формасын, сыныпты, аймақты, ауданды, білім беруді ұйымдастыруды, оқыту тілін таңдау керек. Өтінімді толтырып, баланың 3x4 см мөлшеріндегі цифрлық фотосуретін, №063/у және №026/у-3 нысандағы денсаулық жағдайы туралы құжаттардың электрондық көшірмелерін жүктеген жөн. Жүктелетін құжаттардың жалпы көлемі 1 Мбайттан аспауға тиіс.

ЭЦҚ өтініміне немесе смс-парольдің көмегімен қол қою (мобильді азаматтар базасында тіркелу міндетті).

Сондай-ақ, ата-аналар үшін «Құжаттарды қабылдау және білім беру ұйымдарына қабылдау (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы)» қызметін қалай алуға болатындығы туралы бейнероликті <https://youtu.be/a3mfngJELcc> сілтемесі бойынша көруге болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 1 жұмыс күні. Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде) көрсетілген уақыт ішінде келіп түсетін өз өтініміңізді өңделуі туралы хабарламамен танысу қажет.

Қағаз түрінде өтініш берген кезде мектепке келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) баланың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін түпнұсқасы талап етіледі, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);
- 3) медициналық анықтамалар (№065/у және 026/у-3 нысандары);
- 4) баланың өлшемі 3x4 см көлеміндегі екі дана фотосуреті.

1-сыныпқа балаларды қабылдау мәселелері бойынша Жедел желі телефондары арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз:

1. Алатау ауданы – 8 708 970 50 42.
2. Алмалы ауданы – 8 707 133 06 79, 8 708 862 08 78.
3. Әуезов ауданы – 8 702 100 07 77, 8 747 412 93 83.
4. Бостандық ауданы – 8 777 280 66 50, 8 747 105 06 11.
5. Жетісу ауданы – 8 702 673 83 33, 8 701 660 65 54.
6. Медеу ауданы – 8 701 783 94 83, 8 775 919 40 00.
7. Наурызбай ауданы – 8 778 227 33 01, 8 702 196 68 05.
8. Түркісіб ауданы – 8 777 827 05 80, 8 701 615 49 78.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ӘДЕМІ ӘЗІЛДЕР



Айнұр
СЕНБАЕВА

«Жарасымды әзіл тереңдіктің белгісі» демекші, әзіл-қалжың жүрген жерде күлкі де жүреді. Әзіл айта білу де өнер. Тек әзілді әділ айта білудің, орнымен қалжыңдаудың өз жөні бар. Кез келген қызықты оқиға, күлкілі жағдайлар өмірден алынады. Біз бүгін оқырман назарына әлеуметтік желідегі езу тартқызар әдемі әзілдерді ұсынып отырмыз.



ӘЗІЛДЕ КЕК ЖОҚ, КҮЛКІДЕ ШЕК ЖОҚ...

Бесіншісіне дұрыстап қарамасандар, алтыншысын туам...

Жұмысқа шықтым!
«Әсең жоқ, балаларыңа кім қарап жатыр?» деп алаңдап жатқан жандарға:
Біріншісі бесіншісіне қарайды, екіншісі үшіншісіне жауапты, төртіншісі садикте, егер жабылып бесіншісіне дұрыстап қарамасандар, алтыншысын туам, деп қорқытып кеттім жұмысқа.
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ.
(Facebook парақшасынан.)

Құдай ақыл дегенді де екінің біріне бере бермейді екен ғой...

«Жұрттың баласы осы не жеп ақылды болады екен-ей?» деп ойлаймын кейде. Әлеуметтік желіге кірсен, анда-санда алдыңнан бір ақылды жазбалар шыға келетіні бар. Әбден өмір көрген, дүние сырын ұққан, кіл кісідегінің кілтін тапқан жасанша көсілгенде көзің жұмылып, аузың ашылып қалады. Соларға еліктеп, сен де бір ақылды бірдеңе жазып қойсам дейсің. Қайда-а-ан... Өзіңе жеткізе алмай жүрген там-тұм ақылдыңды өз ақылы асып-төсілген кім керек еткендей...
Өткенде тоқ етері «Ұйқың келген кезде ұйықтап алған дұрыс» дегенге саятын бір пост оқыдым. Астындағы пікірлерге қарасам, жұрт қоғадай жапырылып жатыр: «Туу, басқа кезде емес, дәл ұйқың келіп тұрған кезде ұйықтап алғанның жөн екенін қалай дөп басып тауып айтқансыз?!», «Керемет! Ойпырмай, осындай ой қанша ұйықтап жүрсек те түсімізге бір кірмеппі-ау!», «Адам жанына үңіле білер білгір екенсіз, сізге мотивациялық, психологиялық кітап жазу керек!»... т.б. Осыған дейін ұйқысы келсе де ұйықтамай жүргендей жарыса мақта-сып, жамырай қостасып, тоқтар емес.
Таңқалдым. Қызығы-ы-ып кеттім. Сосын ой-ланып отырып, мен де сондай ақылды пост жаз-

бақ болдым. Сөйттім де, тура түнгі 12.00-де «Қарның ашқанда ең абзалы – тамақ ішу» деп шиыра түйіндеп тастап, ғаламторды өшірдім. Ал енді ұйқым келсеі! «Жұрт керемет ақылды жазбамды қалай қабылдап жатыр екен? Тапқырлығыма таңданып, көрегендігіме сүйініп, стикер мен смайликті, лүпіл мен пікірді қаптатып жатқан шығар? Атып тұрып, ғаламторды қайта қосып, қарасам ба екен?» деп шыдай алар емеспін. Бірақ өзімді-өзім ұстадым. Енді таңның атуын тағатсыздана күттім. Тәтті қиялымды тамсана сорып жатып көзім әрең ілінді-ау...
Азанда фб-ны ашып қалсам – Құдай басқа салмасын: жұрт түтіп жееуге мені таппай, сенделіп жүр екен! «Қарны ашса да, ашпаса да аузы астан босамайтын ашқарақ неме, бізді өзіңдей көремісің?! Әлде қай кезде тамақ ішетінімізді енді сенен сұраймыз ба?!», «Елге онсыз да мәлім нәрсені енді түсінген сен сияқты түйсіксіз емеспіз, айналайын!», «Іші шұрылдап жетіп бара жатқан адам тамақ ішпей, тас жей ме?!» десіп, тұс-тұстан төпеп жатыр. Зар күйіне түскен кәсігі пулеметшілердей тіпті бас көтертер емес...
Құрысын. Енді ондай ештеңе жазбаспын. Құдай ақыл дегенді де екінің біріне бере бермейді екен ғой...

Сәкен СЫБАНБАЙ.
(Facebook парақшасынан.)

Асан мен Үсен

Асан. Зажигалканы газы біткенше ұстай алатын ықтиятты кісі ғой, шіркін. Өмірін программаға құрып тастаған. Программалармен жүріп-тұрады. Үйді де госпрограммалармен алған. Әйелі қаласа да, қаламаса да, шыдаса да, шыдамаса да сол, әр аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері ғана «жақ-қындайды». Басқа күндері әйелі ыңғай білдірсе, бүгін емес деп ашық айтады. Барбарис деген сорғыш кәмпітті доконтқа аузында ерітіп бітіреді. Ешкімнен ештеңе алмайды, ешкімге ештеңе бермейді. Үш жыл бұрын алған телефонымен бірге келген оригинал зарядкасын әлі ұстап жүр. Вакцинаны ал-ғашқылардың бірі болып алған. Көліктің ішіне қоқым таста-ғаны үшін кішкентай баласына да айқайлай береді. Көтеніне қарамай қоғамдық көлікке отыруды ар санайды. Темекі шек-кені болмаса, мүлде ішпейді. Айтатын қарғысы: «иоптваиа-майт дармайет өмір бақи жарымай өт».

Үсен. Түсте алған зажилкасын кеште таппай қалады. Отырыстарда өз оттығын қалдырып, басқа біреудікі алып кететін әдеті бар. Режим, тәртіп дегенді білмейді. Жұрт-тар жапырыла тамақ ішіп жатқанда тәбетім жоқ деп отыра береді. Елдің бәрі жұмыс істеп жатқанда бір өзі та-мақ ішіп отырады. Барбарис деген кәмпітті Асан құсап со-рып бітірем деп талпынып көрген. Ойланyp кеткенде қатыр-латып шайнап тастағанын өзі білмей қалады. Арақты қоламен запивать етпейді. Бауырға зиян дейді. Бірде редак-ция меңгерушілігіне тағайындаларда осы ішкіштігі кедержі болған. Бәрі «ішеді ғой» деп шулаған. Сонда мың болғыр бас редактор «ни че, ішіп ап меңгере береді» деп сенім білдірген. Біреуден алған құралын өзі апарып бермейді. Өзі де біреуге бірдеңе берсе, өзіне керек болмайынша іздемейді. Өмірі көлік айдап көрмеген. Қалада қай жерге қай маршрутпен баруға болатынын беске біледі. Ешкімді қарғамайды. Вакцина сал-дырмаған. Салдырмайтын да шығар. Зиян, онда чип бар екен деген сияқты қорқынышы жоқ. Просто, оны салғаннан кейін үш күн ішпеу керек екен...

Бейбіт САРЫБАЙ.
(Facebook парақшасынан.)

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

ӘЛЕМДЕ КҮЛКІ КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

Шотландиялықтардың әзіл-оспақты жақсы көретіні сонша, олар Күлкі күнін 2 күн қатарынан мерекелейді екен. 1 сәуірді «Ақымақтар күні» деп атайтын көрінеді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ал Англия халқы бұл күні тек түске дейін ғана әзілдейді. Бірде таңертең Петербор тұрғындары әдетте өрт шыққанда ұрылатын қатты дабылдың дауысынан оянады. Бірақ халық ешбір жерден өрт ошағын көре алмайды. Сөйтсе, бұл әзілкештердің ойыны екен. Әзілкештердің бұл әрекеті

1 сәуірге тап келді. Сол кезден бастап халық бұл күнді қалт жібермейді.

Ежелгі гректер ерте көктемде Күлкі құдайының құрметіне арнап құрбан шалып, ән-күй шырқап, би билеп көңіл көтеріп, ерекше тойлайтын болған. Ежелгі Грек жазбаларында адам міндетті түрде көңіл көтеріп, күлуі қажет деп есептейді. Күлкі адамды емдейді және жағымсыз қасиеттерден тазартады деп түсінген. Бұны «рухани тазару» – катарсис, яғни күлкі арқылы тазару деп атаған. Тарихи деректерде қысқа әзілдер мен өлеңдер ең алғаш осы кезеңде пайда болған делінеді. Қысқа әзіл әңгімелер алғашында қабір тастарында жазылып, кейін әдеби шығарма болып енген.

Шығыс Үндістандағы 31 наурыз күнгі «қалжыңдау салты» – ежелден келе жатқан үрдіс.

БАЛА ТІЛІ – БАЛ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Балабақшаға жаңа тәрбиеші келді. Үш жастағы балалар әдемі апайға мұқият қарап отыр. Бәрі үнсіз. Шуламайды. Жаңа апайды әзірге тосырқап отырған секілді.
– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Кәне, танысайық, менің аты-жөнім Жанна Геннадьевна, – деді тәрбиеші.

Тағы да үнсіздік. Балақайлар жаңа есімді санасына енді-енді сіңіріп жатқан сияқты. Бір кезде батылдау бірі апайдың аты-жөнін қайта сұрады:
– Жадина Говядина?..

Айқын анасын асықтырып жатыр:
– Мама, тезірек киіндіріңіз мені!

– Қайда асығып барасың?
– Балабақшаға. Онда мені достарым күтіп отыр.
– Ал достарыңмен не істейсіңдер сонда?
– Төбелесеміз.



«МАҒАН ТҰРМЫСҚА ШЫҒАСЫҢ БА?»

– Самал, ертең өскенде маған тұрмысқа шығасың ба, – деп сұрады кішкентай Асан.
– Жоқ, – деді Самал.
– Неге?
– Себебі, біздің отбасында бәрі өзіміздің туысқандарға шығады. Мысалы, атам әжеме үйленген, әкем – мамаға, ал көкем – тәтеме...

Анасы жұмыстан үйге оралды.
– Ал бүгін кім не істеп, не тындырды, кәне, айта қойыңдар, құлындарым?

– Мен... ыдыс жудым.
– Жарайсың, балам! – деп оған тәтті ұсынды.
– Ал мен... ыдыс-аяқтарды сұрттым, – екінші ұлы.
– Ақылдым сол! – деп оған да шоколад ұсынды.
Үшінші баласы:
– Ал мен... ыдыстардың сынығын сыпырып, жинап алып, шелекке салдым....

– Балам, жылаганыңды қойғаның дұрыс болды?
– Мен қойғам жоқ, демалып алайын деп.



БОКС

Қазақ бокс өнерін ғаламға паш етіп жүрген спортшылар да жетерлік. Солардың көшін бастап тұрған бір жан бар. Ол – Жәнібек Әлімханұлы. Әсіресе, жас өрендер оған қарап бой түзейтіні анық.

Кәсіпқой бокс нағыз еңбек. Оған қаржы тауып мұхит асу үлкен қажыр-қайратты қажет етеді. Осы беттен таймаған адам ғана биікті көздейді. Барынша жаттықса, ұзаққа шабары анық. Сол үшін де тырысып, өз арбасын өзі сүйреп жүрген боксшыларға тек қана қайран қаламыз.

Qazaq style – дүниежүзілік бренд. Дәп осылай атасақ, қателеспейміз. Қайта намысымыз жани түсетін сияқты. Мұхиттың арғы



жағында қазақ бокс өнерін паш ету өте қиын. Осындай сындарлы әрі машақаты көп салада жүргендерге қуат бергей.

УАҚЫТ БЕЛГІЛЕНДІ

Жәнібектің көптен бергі қарсыласы жұмбақ болып келіп еді. Кіммен шығатыны беймәлім болды. Сарапшылар түрлі болжам айтты. Бірісі Еуропа тұстан табылып қалады десе, ендігісі Азияны тұспалдады.

Top Rank промоутерлік компаниясы Дүниежүзілік бокс ұйымы (WBO) нұскасы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлының келесі жекпе-жегін ресми жариялады.

Қазақ баһадүрі 13 мамырда Калифорния штатының Стоктон қаласында екінші рет чемпиондық атағын қорғайды. Оның қарсыласы 27 жастағы канадалық Стивен Батлер (32-3-1, 26 KO) болмақ.

Сондай-ақ, осыған дейін WBO Әлімханұлы мен Лиам Смит арасында жекпе-жегі анықталған еді. Алайда, Ұлыбритания елінің боксшысы осы жазда кіші Крис Юбанкпен реванш өткізуді жоспарлап отыр. Не болса да отандасымызға тілеуестік білдіреміз.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА
БАСШЫ

«Алматы» олимпиадаға дайындық орталығының директоры қызметіне жаңа басшы келді. Алдағы уақытта осы салада бірқатар тың өзгерістер, жаңашылдықтар болғалы тұр. Бұл істі Серік Жарасбаев басқаратын болады.

Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы Асхат Оралов Серік Жарасбаевқа Ханчжоудағы Жазғы Азиада мен Париждегі Олимпиада қарсаңында спортшылардың дайындығын күшейту міндетін қойды. Асхат Оралов Серік Жарасбаевтың спорт саласының түрлі салаларындағы: жас спортшыларды жаттықтырудан бастап министрліктің қолдауымен ауқымды жобаларды іске асыруға дейінгі бай тәжірибесін ерекше атап өтті.

Серік Жарасбаев 1984 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін, Ресей халықаралық олимпиада университетін тәмамдаған. Мамандығы – Дене шынықтыру және спорт, мемлекеттік және жергілікті басқару, спорттық әкімшілендіру.

2006-2007 жылдары Петропавлдағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде бокстан жаттықтырушы-оқытушы, нұсқаушы-спортшы болып жұмыс істеді.

2007–2010 жылдары – Солтүстік Қазақстан облысы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бас маманы, оқу-спорт бөлімінің басшысы.

2011-2012 жылдары ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитетінің Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, инновациялық технологиялар және білім басқармасының сарапшысы, бас сарапшысы; СҚО Туризм, дене шынықтыру басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

2012–2014 жылдары ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві департаментінің Жазғы спорт түрлері басқармасының басшысы, Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві департаментінің директоры қызметтерін атқарған.

2014–2018 жылдары ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары болды. 2018-2019 жылдары ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

2019–2021 жылдары – ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары.

2021 жылы – «Қазақстан керлинг, едендегі керлинг және петанг федерациясы» РҚБ бірінші вице-президенті.

2021–2023 жылдары ҚР Мәдениет және спорт министрінің орынбасары қызметін атқарған.

**Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.**

АУЫР АТЛЕТИКА

КҮМІС – ҚОЛДА

Қазақ спортшысы Нұрдос Сабыр Албанияның Дуррест қаласында ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

Ауыр атлет 89 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде екінші нәтиже көрсетті. Қоссайыс сомасында Нұрдос 321 (145+176) келі көтерді. Бұл туралы ұлттық Олимпиадалық комитет мәлім етті.

Керем Курназдың (Түркия) активінде «алтын» – 327 (144+183) келі. Үшінші – Армениядан келген Валерик Мовисян – 306 (140-166) келі.

Осылайша қазақстандық команданың активінде екі медаль бар. Бұған дейін Ерасыл Сәулебеков (73 келіге дейін) әлем чемпионы атанған болатын.



ТЕННИС



ФИНАЛ!

Біздің теннисші қызымыз осы жолы да мықтылығын сынап көрмек. Осыдан бақ шапса, үздіктің үздігі болғалы тұр. Ол кім дерсіз. Әрине, ол – Елена Рыбакина.

Қазақстанның бірінші, әлемнің 7-ракеткасы Елена Рыбакина Майами WTA 1000 турнирінің финалына шықты. Бұл жайында Қазақстан теннис федерациясы мәлім етті.

Бірінші сетте Елена Рыбакина тай-брейкте қарсыласынан басым түскен еді. Жаңбырға байланысты үзілістен кейін матч қайта жалғасты.

Екінші сетте Пегула брейк жасап, 3:1 есебімен алға кетті. Дегенмен, Елена таразы басын теңестіріп қана қоймай, өзі алға шықты – 5:4. Ақыры матчқа доп бергенде, өз мүмкіндігін жіберген жоқ – 6:4.

Бір сағат 52 минутқа созылған тартысты бәсеке барысында қазақстандық теннисші 11 эйс жасап, 15 брейк-пойнттың алтауын пайдаланды. Рыбакина финалда бас жүлде үшін әлемнің 12-ракеткасы, чехиялық Петра Квитова немесе рейтингте 74-сатыдағы румыниялық Сорана Кырстяның біреуімен кездеседі.

ММА

ЕРКЕБҰЛАН ЕРЛІК ТАНЫТПАҚ

Біздің қазақ жігіттері шетінен өнерлі хәм мықты. Жәй ғана айтылған даңғойлық деп түсінбейік. Керісінше, нақты іспен сөздің қабысуы деп ұғайық. Сонда сөзіміздің мәйегі шыға бастайды.

Қазақтың бойында жауынгерлік қасиет тұнып жатыр. Қызуқандылық пен сабырлық қатар қабысқан. Соның арқасында талай дұшпанды тұқыртқан. Осы бір ерекше мінез-құлық бүгінгі ұрпағының бойынан табылып жатыр. Әсіресе, өнер саласының майталман жігіттері мықтылықтарын дәлелдеуде.

Өнер нәзіктік, сезім, махаббат сияқты құндылықтарды қамтиды. Көрерменге барынша әсер қалдыру маңызды. Көріп отырған адам жан рахатын сезінуі тиіс. Сонда ғана өнер нағыз өнерпазын табады. Бұл осы салаға бейімделіп айтылған ой.



Бірақ актердің октагон алаңында атой салғанын бұрын аңғармаппыз. Сондай жаннның бірі – Еркебұлан Токтар. Небәрі 28 жасқа аяқ басса да, көтерілген шыңы

биік. Оған екіншісі бірі жетпейді. Сондықтан қайран қалып, іштей қолдау білдіріп, әлеуметтік желіге игі лебіз жазып жүрміз. Қазақтың қайсар ұлдары көп болуы тиіс.

Қазір интернеттің кезі. Бәріміз ережесіз жекпе-жектегі Ютуб желісінен қараймыз. Сол арқылы пікір білдіреміз. Керек десеңіз, кейбір жаңа технологияға бейімдер, жекпе-жек кешінен үзінді видео дайындайды. Әлбетте мұның барлығы танымал бола түсуге жәрдемдеседі.

Отандасымыздың алдағы қарсыласы анықталыпты. OCTAGON 44 жарысы 29 сәуірде Алматыда өтеді. Еркебұлан Токтар (5-2) сегіз бұрыш алаңына оралады. Қазақ спортшысының қарсыласы ирандық Мохаммед Реза (4-3-1) екен. Екеуінің де

жетістіктері жобалас. Парсы жұртынан шығатындарды оңай қарсылас дей алмаймыз. Сондықтан бұл жолы оғланымыздың бәсі жоғары болса екен.



АУДИТ

Еңбекақы төлеуді есептеу негізділігіне аудит жүргізу

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Алматы қаласы Білім басқармасының «№148 бөбекжай-бақшасы» КМҚК (әрі қарай – Кәсіпорын), қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді есептеу негізділігіне аудит жүргізіп, 16 345,8 мың теңге сомасындағы бұзушылықтарды анықтады.

Мысалы, еңбекақы есептеудің негізділігін тексеру нәтижесінде 894,9 мың теңге сомасында жалақы, жәрдемақылар мен қосымша ақылардың негізсіз төленгені анықталды. Сонымен қатар, 1303,5 мың теңге сомасында штаттан тыс сан бойынша бұзушылықтар, біліктілік талаптарына сәйкессіздіктер және т.б. анықталды.

Бұдан басқа, төлем тапсырмалары бойынша ақша алушылардың тиісті шоттарына жүргізілген төлемдер бойынша ақша алушылардың қалыптастырылған тізімін есеп айырысу – төлем ведомостерін беруге арналған сомалармен салыстыру аудиті нәтижесінде 8 458,8 мың теңге сомасында артық аударылған және (-) 5 688,6 мың теңге сомасында аударылмай қалған ақша қаражатының деректері анықталды.

Осылайша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабының 4-тармағын бұза отырып, Кәсіпорын заңды тұлғалардан жалақы және өзге де төлемдер алуға сенімхаты жоқ қызметкерлердің ақшасын алушылардың тиісті емес шоттарына аударып отырған.

Аудит объектісінің жауапты тұлғаларының түсініктемелеріне сәйкес, бұл сәйкессіздіктер қызметкерлердің жалақысын кәсіпорынның басқа қызметкерлеріне картоткалық шоттарға аудару туралы өтініштері негізінде пайда болды, өйткені олардың несиелер бойынша берешектері немесе басқа да себептері бар болған.

Аудит материалдары процессуалдық шешім қабылдау үшін Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне тапсырылды.

Алматы қаласы Алатау аудандық сотының үкімімен Кәсіпорын менгерушісі және екі бухгалтер ҚР Қылмыстық кодексінің 189-бабы, 4-бөлігі, 2-тармағы «Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» бойынша үкім шығарып және де 55-баптың 3,4-бөліктерін қолдана отырып, 6 (алты) жылға бас бостандықтарын шектеп, бюджеттік ұйымдарда қызмет атқаруға өмір бойына тыйым салу түріндегі жаза тағайындады.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ!

Бетонараластырғыш пен бау-бақша арбаларын (металл) жасайтын цехқа:

- жартылай автоматты дәнекерлеушілер (жалақысы 180–350 мың теңге аралығында);
- станок операторлары (160–250 мың);
- слесарь (160–250 мың);
- жинаушылар (160–200 мың);
- жүк тиеушілер (160 мың қолына беріледі) керек.

Жалақысы жұмыстың орындалу көлеміне байланысты. Айына 2 рет (аванс және жалақы) төленеді. Жұмыс кестесі – 5/7 күн, сағат 09.00–18.00. Тамақ тегін. Тасымалдау, жатын-орын жоқ. Ер адамдар керек.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Әуешай ауданы, Бұқтырма көшесі, 24/2 (№36, №120 автобустар, «Маяк» аялдамасы).
Тел.: 8 700 098 38 57.

«Титан-Азия» ЖШС өндірістік-өнеркәсіптік компаниясына:

- сату бөлімінің басшысы (350–400 мың);
 - сату жөніндегі менеджер (150-250 мың);
 - сауда залының әкімшісі (150–250 мың) керек.
- Жұмыс кестесі – 5/7 күн, сағат 08.00–17.00.
Мекенжайы: Сейфуллин даңғылы, 455-үй.
Тел.: 8 708 770 94 17.

«Ащыбұлақ» қоймасына:

- қоймашылар (180–200 мың);

- каршиктер (160 мың);
- жүк тиеушілер-қаптаушылар (150 мың + бонустар = 220–330 мың теңге, тапсырыстардың орындалуына байланысты) керек.

Райымбек даңғылы, 212 Б қоймасына:

- карщик (160 мың);
- жүк тиеуші (150 мың + бонустар) керек.

«Первомайская промзона – 285 қоймасына (сусындар, шай, сүт):

- қоймашылар (180–200 мың) керек.

Тамақ тегін. Жұмыс кестесі – 6/1 күн, сағат 08.00–20.00 (егер жұмыс болмаса, ертерек кетеді).

«Маяк» қоймасына (сусындар, шай, сүт):

- карщик (автокар жүргізушісі) керек.
 - Жалақысы – 160 мың + бонустар. Тамақ тегін. Жұмыс кестесі – 6/1 күн, сағат 09.00–18.00.
 - жүк тиеушілер керек.
 - Жалақысы – 150 мың + бонустар. Тамақ тегін. Жұмыс кестесі – 6/1 күн, сағат 09.00–18.00.
- Мекенжайы: «Маяк» ықшамауданы, Бұқтырма көшесі, 24/2.

«НҰР-МАЙ ФАРМАЦИЯ» ЖШС-не:

- КИПиА инженері (жалақысы 250 мың теңгеге дейін) керек.
 - компрессорларды, тоңазытқыш қондырғыларын және кептіргіштерді жөндеу; қосалқы бөлшектерге өтінімдер жасау; зауытты қайта құруға қатысу; бүкіл өндіріс зауытының электроникасы мен электроавтоматикасын жөндеу; компьютерлік желілерді төсеу, техникалық қызмет көрсету және конфигурациялау; телефондарды, телефон желілерін және шағын АТС жөндеу; өнеркәсіптік таразылар мен диспенсерлерді орнату және жөндеу.
- Алматы қаласы, «Кемел» ықшамауданы, Ақсуат көшесі, 17-үй.
Тел.: 8 701 780 98 09.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Заңсыз ойын

Алматыда 2 ер адам TikTok желісінде құмар ойын ұйымдастырғаны үшін сотталды.

Қала тұрғындары «TikTok» әлеуметтік желісінде ақшаны алу және ұтыстарды банк аударымдары арқылы берумен онлайн құмар ойындарын ұйымдастырған.

ҚМА қалалық департаменті әлеуметтік желіде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырушылардың әрекетін тоқтатты.

«Тергеу барысында азаматтардың әлеуметтік желілерде 4 ай ішінде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырып, 13 миллион теңгеге жуық сомаға аса ірі көлемде кіріс алғаны дәлелденді. Алматы қаласының екі тұрғыны кінәлі деп танылып, 1,5 жылға бас бостандығынан айырылды», делінген ҚМА баспасөз қызметінің хабарламасында.

ПОЛИЦИЯ



Ұрлық азайған

Қоғамдық көліктерге камера орнатудың арқасында Алматыда қалта ұрыларының саны 2 есеге азайды. Бұл туралы халық алды-

да есеп берген Алматы полициясының басшысы Арыстанғани Заппаров мәлімдеді.

«Тіркелген қылмыстардың жартысына жуығы бөтеннің мүлкін ұрлау қылмысына жатады. Ұрлықтың негізгі түрлері азайды, атап айтқанда: пәтер ұрлығы 3,4%-ға, қалта ұрлығы 4,2%-ға, автокөлік салонынан ұрлық жасау 19,2%-ға, бүйір айна ұрлығы 3,4%-ға. Бұл – ұрлыққа қарсы күрес бойынша құрылған арнайы топтардың нәтижесі. Айта кету керек, бұған қоғамдық орындарда және қоғамдық көліктерде бейнекамералар орнату да әсер етті», – деді А.Заппаров.

Полиция департаментінің мәліметінше, полицияның жедел бөлімшелері 638 ұрлық жасағаны үшін кінәлі деп танылған 391 ұрының, қоғамдық орындарда ұрлық жасаған 153 топтың 136 эпизод жасағаны дәлелденген, пәтер ұрлығын жасаумен айналысқан 33 қылмыстық топтың құлыпты бұзу және әйнекті сындыру арқылы автокөліктерден ұрлық жасаған 20 топтың қылмыстық әрекетін тоқтатты.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

«АНАҒА ХАТ» ӘНІ ҚАЛАЙ ТУДЫ?

Осы бір әнді тыңдаған сайын анамды, әнді жазған Кеңес ағаны ойлаймын. Осыдан біраз жыл бұрын марқұм Кеңес Дүйсекеев «Анаға хат» әнінің шығу тарихы туралы айтып, қатты толқыған еді. Сол кезде атақты өнер иесінің көзі жасаурап, «анамды ойласам, жүріп келе жатқан жолымнан жаңылып қаламын» дегені бар...

Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау жүректерге нұр құйған керемет әнді кезінде Айжан Төженова, «Айгүл» ансамбі орындады. Сосын басқа да әншілер орындап, әннің танымалдығы арта түскен еді. Әрине, әннің шығу тарихын көпшіліктің біле бермеуі де мүмкін. Әннің шығуы туралы композитордың өзі былай деген еді: «Бір күні менің атыма алыстан хат келді. Қарағанды қаласынан жазылыпты. Анасы Семейде тұрады екен. Айтуынша, анасының 7 баласы бар. Мына күдіретті қарасаңызшы, балаларының барлығын асырап алған екен. Өлгі қарындас екі парак тор көз дәптерге анасына өлең арнап, музыкасын жазуымды өтініпті. Парактың әр жерінде көзінен тамған жастың ізі қалған. Қатты әсерлендім. Дерев Шөмішбайға хабарласып, «Идея қалсын. Анаға деген сағыныш түп қазығы болсын. Өлеңге отыр. Менде ән дайын», – дедім. Көп ұзамай Шөмішбайдың маржандай жыры да төгіліп, өмірге ән келген еді.



Әннің мынандай жолдары бар:
*Анашым, сағынышым алаулаған,
Шақтарда хаттар бізден баяулаған,
Бәрін де ұл-қызыңның жинап алып,
Өсіріп жүр ме екенсің, аяулы анам...*

Әрбір ән бір-бір образ. Оның туу тарихы бар. Кейде біреулер «мына әнімді аяқастынан, бес-ақ минутта жазып тастадым», – деп жатады. Жүректен бусанып, буырқанып шықпаған ән жүрекке жете ме? Шабытым келгенде ғана жазамын дегендерді де түсінбеймін. Меніңше, ар жағында түк те жоқ. Табиғатынан бар адам шабыт іздемейді», – деген еді айтулы сазгер.

Бүгінде «Анаға хат» деп артына өлмес ән қалдырған Кеңес Дүйсекеев те, жырлары жүректе жазылған Шөмішбай Сариев те арамызда жоқ. Тек қана сағынышқа айналып, өлмейтін ән қалды.

АЙТЫС

Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының ұйымдастыруымен «Менің пірім – Сүйінбай» дәстүрлі VII халықаралық жас ақындар айтысы өтеді. 6 сәуірде өтетін жыр додасы оқу орнының 95 жылдығына арналмақ.

«Менің пірім – СҮЙІНБАЙ»

Айтыста Қырғызстан, Моңғолия, Өзбекстан, Қытай ақындарымен қатар, еліміздің барлық жоғары оқу орындарының елуге жуық жас жүйріктері бақ сынайды.

Айтысқа ҚР еңбек сіңірген қайраткері, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағының басқарма төрағасы Жүрсін Ерман, ҚР мәдениет қайраткері, белгілі айтыскер ақын Серік Қалиев, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры, айтыскер Ринат Зайытов, айтыскер ақын Ахметжан Өзбеков, филология ғылымының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазыұлы қазылық етеді.

Сөз бәйгесін айтыскер ақын, О.Досбосынов атындағы ақындар мектебінің жетекшісі Шұғайып Сезімханұлы жүргізеді.

«Менің пірім – Сүйінбай» дәстүрлі VII халықаралық жас ақындар айтысының мақсаты – айтыс өнерін жастар арасында кеңінен насихаттау, ақындық дәстүрді жаңғырту, жас ақындардың суырыпсалмалық қабілеттері мен шешендік өнерін шыңдау, олардың көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау.

Айнұр СЕНБАЕВА.

ЧЕЛЛЕНДЖ

АЙБӨПЕНІҢ
арманы орындалды

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастауымен «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы жүріп жатқанын бұған дейін айтқан болатынбыз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Акцияның мақсаты – наурыз айы бойына халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсетіп, көпбалалы отбасылардан, мүмкіндігі шектеулі жандардан, зейнеткерлерден келіп түскен хаттарда жазылған өтініштілерді орындау.

«Жүрек жылуы» қайырымдылық челленджі эстафетасын белгілі тележүргізуші Айгүл Мүкейден қабылдап алған танымал футболист Самат Смақовтың қолына астаналық Айбөпе деген оқушы қыздың хаты тиген екен.

«Менің аты-жөнім Санжарқызы Айбөпе. 16 жастамын. №84 мектеп-лицейде оқимын. Мен тігуді және киімдерімді өзімше өзгертіп тігіп алғанды жақсы көремін. Енді дизайн курсына жазылғым келеді. Бойымдағы қабілетімді одан ары дамытсам деймін. Бірақ тігін машина болуы керек. Ол үшін ата-анамды мәжбүрлегім келмейді. Үйде 4 баламыз. Егер сіз маған тігін машинасын сыйласаңыз, сізге алғысым шексіз болар еді», – делінген «Жүрек жылуына» жолданған хатта.

Айбөпе қызымыз көп ұзамай қолына тігін машинасы тигенін айтып, видеожазба жолдады. Самат ағасына шексіз ризашылығын білдірді. Осылайша тағы бір бала қуанышқа бөленді.



БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰСТАР КҮНІ



ҚОС ҚАНАТТЫ ДОСТАР

Ғалымдардың зерттеуінше, бүгінде дүние жүзінде құстардың он мыңдай түрі тіршілік етеді екен. Олардың арасында тұқымы мүлдем жойылып кеткен құстар да бар. Қазақстанда құстардың 500-ге жуық түрі мекендейді. Өсіресе, күз айларында құстардың саны шамамен 18–20 миллионға дейін жететін көрінеді. Кейде олардың саны күрт азайып кетсе, кейде асып жығылады.

Қазақтың «Балапанды күзде сана» деген тәмсілі сірә осындайда айтылса керек. Жалпы, құстардың көбейгені елге де, жерге де пайдалы. Құстар орман, жер зиянкестерімен қоректеніп, ауыл шаруашылығына орасан пайдасын тигізеді. Бау-бақшаның зиянды жәндіктерінен де құтқаратын осы құстар. Құстардың эстетикалық мәні біздің өміріміздің мазмұнына айналған. Отбасын ұяға, мектепті білім ұясына, баланы балапанға, қат нәрсені құстың сүтіне, ғашықтарды аққуға, ер-азаматты қыранға, әншіні бұлбұлға теңеп жатамыз. Айта берсеңіз, теңеу де, оған мысал да көп.

Сонымен қатар, құс ерте заманда

1 сәуір – Халықаралық құстар күні. 1906 жылы Халықаралық құстарды қорғау туралы конвенция жарияланып, бүкіл әлем осы күнді құстарға арнаған еді. Содан бері арада ғасырдан астам уақыт өтсе де, табиғат жанашырлары бұл күнді еш атаусыз қалдырған емес.

ата-бабамыздың серігіне де айналып, адасқанда жол көрсетер бағдары да болған. Тіпті, отбасының берекесі кеткенде үлкен кісілер «Құс екең құс та ұясын қорғайды» деп кейіп жатады. Қарап отырсаңыз, құсқа қарата айтылған бірде-бір ғайбат сөз жоққа тән. Құстар – байлықтың, әсемдік пен сұлулықтың, махаббаттың белгісі болып, өз биігінде қалған. Жалпы, құсқа арнап ән жазбаған сазгер, жыр арнамаған ақын жоқ десе де болады.

Мәселен, «Аққу», «Бұлбұл», «Бозторғайым», «Құстар әні», «Құстар қайтып барады», «Құс жолы», «Қасқалдақ» «Қыраным», т.б. әндерді тыңдасаңыз, жан-дүниеніз рахат күйге еніп, тынығып қаласыз. Талай сазгерлеріміз өз туындыларына құстың үнін қосып, тыңдаушыларының жүрегінен орын алды. Құстың бейнесі мемлекеттік

рәмізде де бар. Қанатын қағып тұрған қыран бейнесі мемлекет тұғырының мықтылығын көрсетеді. Қылқалам шеберлері құстарды қалам тілімен сөйлетсе, гобеленде (алаша) бейнеленген құс үйіңізге бақыт тілейді деген де ұғым бар.

Жыл сайын елімізде жыл құсын таңдау үрдісі бар. Мәселен, бір жылы қарлығашты таңдаса, бір жылы көкқұс таңдалды.

Дәл қазір Құстар күніне орай, қаламыздың барлық ауданында «Құстар – біздің досымыз» атты акция өтіп жатыр. Оған мектеп оқушылары мен ұстаздар, табиғи ресурстар басқармасы мен экологиялық инспекция өкілдері қатысуда. Оқушылар қаламыздағы демалыс саябағы аумағында өз қолдарымен дайындалған құс ұяларын ағаштарға іліп, қамқорлық танытуда.

Сонымен қатар, Оқушылар сарайында, Жас натуралистер станциясында зоологтар мен орнитологтар арнайы шеберлік дәрістер өткізіп жатыр.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.